

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ

Қысқартылған

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-ның 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілік және тәуелсіз аудиторлар есебі

Төтенше қаржылық есептілік

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ

**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған
жыл үшін ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілік**

және тәуелсіз аудиторлар есебі

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ

Мазмұны

	Бет
Қаржылық есептілікті дайындауға және бекітуге жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі	3
Тәуелсіз аудиторлар есебі	4-6
2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік:	
Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есеп	7
Қаржылық жағдай туралы есеп	8
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп	9
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	10
Қаржылық есептілікке ескертпелер	11-74

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындауға және бекітуге жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі

Банк басшылығы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық жағдайын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) сәйкес барлық маңызды аспектілерде анық көрсететін қаржылық 8есептілікті дайындау үшін, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық нәтижелері, ақша қаражаттарының қозғалысы және сол күні аяқталған жыл үшін меншікті капиталдың өзгерістері үшін жауапкершілік көтереді.

- тиісті бухгалтерлік есеп қағидаларының таңдап алынуы және олардың жүйелі қолданылуы;
- негізді бағалаулар мен есептеулердің қолданылуы;
- ХҚЕС талаптарының орындалуы және қаржылық есептілікке ескертпелерде ХҚЕС барлық елеулі ауытқулардың ашылуы; және
- қаржылық есептіліктің Банк жақын болашақта қызметін жалғастырады деген жорамалға сүйеніп, мұндай жорамала жасау заңды болып табылатын жағдайларды қоспағанда, дайындалуы.

- Банкте ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесінің әзірленуі, енгізілуі және жұмыс істеуінің қамтамасыз етілуі;
- Банктің қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдік дәрежесімен кез келген жағдайда дайындауға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесінің сақталуы;
- бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілуі;
- Банк активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша өз құзыретінің шегінде қисынды қолдануға болатын шаралардың қабылдануы;
- алаяқтық және басқа да теріс пайдалану фактілерінің айқындалуы және алдының алынуы.

Басшылықтың атынан:

Шылықтың атынан:



қарма Төрағасы
Хән Хуан



0 жылғы 29 сәуір

Бас бухгалтер
Жаксыбаева Г.Ш.



Тел.: +7 727 331 31 34
Факс: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

Tel: +7 727 331 31 34
Fax: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

TOO "BDO Kazakhstan"
ул. Габдуллина, 6
Алматы, Казахстан
A15H4E3

BDO Kazakhstan LLP
6 Gabdullin Street
Almaty, Kazakhstan
A15H4E3

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ Директорлар кеңесіне және Басқармасына

Аудиторлық қорытынды

Пікір

Біз «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-ң (бұдан әрі - «Банк») 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерінің қысқаша сипаттамасынан және басқа түсіндірме ескертпелерден құралатын тіркелген қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікіріміз бойынша, барлық маңызды аспектілердегі тіркелген қаржылық есептілік Банктің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ аталған күні аяқталған жыл үшін оның қызметінің қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес жүргіздік. Біздің осы стандарттарға сәйкес міндеттеріміз біздің есебіміздің төмендегі «Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың есебі» бөлімінде сипатталған.

Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне (БАХӘСБ кодексі) және Қазақстанда біздің қаржылық есеп аудитімізде қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Банкке қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз өзіміздің басқа да этикалық міндеттемелерімізді БАХӘСБ кодексіне сәйкес орындадық. Біз аудит жүргізу барысында алынған дәлелдер жеткілікті және біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіздеме болуға лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Басшылықтың және корпоративтік басқару, қаржылық есептілік үшін жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық аталған қаржы есептілігін ХҚЕС-ға сәйкес дайындау және әділ ұсыну үшін және басшылық алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер нәтижесінде жол берілген айтарлықтай бұрмалаушылықтары жоқ қаржы есептілігін дайындау үшін қажетті деп есептейтіндей ішкі бақылау үшін жауапты.

Қаржы есептілігін дайындау кезінде басшылық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, сәйкес жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашу үшін және басшылық Банкті таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеті болған немесе онда тарату немесе қызметті тоқтатудан басқа қандай да бір басқа нақты балама болмаған кезден басқа жағдайларда қызметтің үздіксіздігі туралы болжам негізінде есептілік құрау үшін жауап береді.

Корпоративті басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Банктің қаржы есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауап береді.

Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржы есептілігінде алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан маңызды бұрмалаушылықтар жоқ деген саналы сенімділікке ие болудан және біздің пікіріміз көрсетілген аудиторлық қорытынды шығарудан тұрады. Саналы сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит егер олар болған жағдайда үнемі маңызды бұрмалаушылықтарды анықтайтынының кепілдемесі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жекелеп алғанда немесе жинақтала келе осы қаржы есептілігі негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешіміне әсер ете алады деп негіздеделі түрде болжамдауға болса маңызды деп саналады.

Аудиттің Халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит аясында біз кәсіби пайымдауларды қолданамыз және бүкіл аудит бойына кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржы есептілігінің маңызды бұрмалаушылықтары тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін негіздеме қызметін атқару үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдемелер аламыз.

Алаяқтық әрекеттер нәтижесіндегі маңызды бұрмалаушылықтарды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесіндегі маңызды бұрмалаушылықтарды анықтамау тәуекелінен гөрі жоғары, себебі алаяқтық әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана әрекет, ақпаратты немесе әрекетті ішкі бақылау жүйесін айналып өтіп бұрмалап ұсыну жатуы мүмкін;

- жағдаяттарға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Банктің ішкі бақылау жүйесі тиімділігі туралы пікірін білдіру мақсатында емес аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және бухгалтерлік бағалау мен басшылық дайындаған ақпаратты сәйкесінше ашу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы болжамды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде - соның нәтижесінде Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне маңызды күдік туындауы мүмкін оқиғалар немесе шарттармен байланысты айтарлықтай белгісіздік бар - жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда қаржы есептілігінде ақпаратты лайықты ашуға назар аудартуымыз қажет немесе ақпаратты мұндай ашу лайықты емес болып табылса өз пікірімізді түрлендіруіміз қажет. Біздің қорытындыларымыз біздің

аудиторлық түйінге дейінгі мерзімде алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда болашақтағы оқиғалар немесе шарттар Банк өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтып алуына алып келуі мүмкін;

- қаржы есептілігін тұтас алғанда, ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржы есептілігі оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей ұсынатындығын қоса алғандағы оның құрылымы мен мазмұнын ұсынуды бағалауды жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен, оларға басқасымен қатар, аудиттің жоспарланған көлемдері мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижесі бойынша маңызды ескертулер туралы, оның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің айтарлықтай кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, ақпараттық өзара әрекеттестікті жүзеге асырамыз.

Нәтижелері бойынша осы тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі шығарылған тапсырманың жетекшісі:



Ирина Литвинчик

22.12.2014 ж. ҚР Аудиторларды
аттестациялау комиссиясы берген
№0000223 аудитордың біліктілік куәлігі

«BDO Kazakhstan» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
аудиторлық қызмет жүргізу үшін 2015 жылғы 19
ақпанда берген мемлекеттік лицензияның
№150003448.



Омаров Т.А

«BDO Kazakhstan» ЖШС директоры

Алматы қ.,

2020 жылғы 29 сәуір

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

		31.12.2019 аяқталған жыл үшін	31.12.2018 аяқталған жыл үшін
Мың теңгемен	Ескер.		
Пайыздық кірістер	4	3,158,049	2,821,428
Пайыздық шығыстар	4	(1,410,125)	(1,229,413)
Таза пайыздық кіріс	4	1,747,924	1,592,015
Комиссиялық кірістер	5	116,297	83,327
Комиссиялық шығыстар	6	(79,484)	(69,523)
Таза комиссиялық кіріс		36,813	13,804
Шетел валютасымен жасалған операциялардан түсетін таза пайда	7	238,834	260,648
Басқа операциялық кірістер (шығыстар), нетто		(39,380)	27,629
		1,984,191	1,894,096
Операциялық кірістер			
Құнсызданудан болған залалды/(пайда) қалпына келтіру	9	131,812	62,401
Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар	8	(758,309)	(659,360)
Басқа жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар	10	(439,857)	(459,217)
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда		917,837	837,920
Табыс салығы бойынша шығындар	11	(84,186)	(62,801)
		833,651	775,119
Бір жыл ішіндегі пайда			
Табыс салығы шегерілген басқа жиынтық шығын			
<i>Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктеулі мүмкін баптар:</i>			
Басқа жиынтық кіріс арқылы өділ құнымен есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв			
- өділ құнның таза өзгеруі		(616)	48,567
Табыс салығы шегерілген бір жыл ішіндегі басқа жиынтық шығын		(616)	48,567
		833,035	823,686
Бір жыл ішіндегі барлық жиынтық кіріс			
Бір акциядан түскен пайда			
Акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)	24	831.26	772.90

Басшылықтың атынан:


Басқарма Төрағасы
Ким Хен Хван



2020 жылғы 29 сәуір
Алматы қ., Қазақстан Республикасы


Бас бухгалтер
Жаксыбаева Г.Ш.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескер.	31.12.2019	31.12.2018
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және оның баламалары	12	31,422,707	24,882,525
Банктердегі шоттар мен депозиттер	13	72,653	72,957
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен есепке алынатын қаржы активтері	14	1,173,343	1,178,855
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер:			
- ірі кәсіпорындарға берілген кредиттер	15	2,978,919	467,810
- шағын және орта кәсіпорындарға берілген несиелер	15	6,629,416	6,151,496
- бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер	15	5,347,894	3,377,973
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	16	4,907,381	4,778,038
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер		286	43,246
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	17	645,014	494,529
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	18	443,832	208,192
Кейінге қалдырылған салық активтері	11	38,184	15,513
Басқа активтер	19	164,977	339,485
Активтер жиыны		53,824,606	42,010,619
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Банктердің шоттары мен депозиттері	20	198,342	1,498,027
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері			
- корпоративтік клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	21	28,254,084	16,849,796
- бөлшек сауда клиенттерінің ағымдағы шоттары мен депозиттері	21	4,632,581	3,185,278
Халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздары	22	5,757,924	6,472,871
Басқа міндеттемелер	23	674,069	484,625
Міндеттемелер жиыны		39,517,000	28,490,597
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	24	10,028,720	10,028,720
Қосымша төленген капитал	24	144,196	144,196
Резервтік капитал		279,516	279,516
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв		(166,813)	(166,197)
Бөлінбеген пайда		4,021,987	3,233,787
Капитал жиыны		14,307,606	13,520,022
Міндеттемелер және капитал жиыны		53,824,606	42,010,619

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ
ЕСЕП

Мың теңгемен	31.12.2019 аяқталған жыл үшін	31.12.2018 аяқталған жыл үшін
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы		
Алынған пайыздық кірістер	3,247,298	3,075,381
Төленген айыздық шығыстар	(1,355,125)	(1,181,885)
Алынған комиссиялық кірістер	134,177	61,136
Төленген комиссиялық шығыстар	(80,017)	(69,158)
Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза кірістер	231,029	242,333
Басқа операциялық түсімдер (төлемдер)	(91,645)	66,302
Жұмыскерлерге төленген төлемдер	(747,738)	(684,505)
Төленген басқа жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар	(375,772)	(317,824)
Операциялық активтердің (көбеюі)/азаяуы	809	(93,129)
Банктердегі шоттар мен депозиттер	(4,843,960)	1,378,760
Банктерге берілген кредиттер		
Клиенттерге берілген кредиттер	(1,264,383)	1,178,969
Операциялық міндеттемелердің (көбеюі)/азаяуы	12,853,962	6,864,175
Банктердің шоттары мен депозиттері		
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	7,708,635	10,520,555
Табыс салығын төлегенге дейін операциялық қызметтен алынған таза ақша ағымдары	(52,534)	(81,664)
Төленген табыс салығы	7,656,101	10,438,891
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағымдары		
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	-	(4,618)
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен есепке алынатын қаржы активтерін сатып алу	(155,328)	(494,560)
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін сатып алу	(196,790)	(1,159,500)
Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша ағымдары	(352,118)	(1,658,678)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағымдары		
Қарыздар түсімі	-	1,632,600
Қарыздарды өтемі	(719,931)	-
Жалдау бойынша міндеттемелерге төлемдер	(19,664)	-
Қаржылық қызметтен алынған/ (пайдаланылған) таза ақша ағымдары	(739,595)	1,632,600
Ақша қаражаты және оның баламаларының таза өзгеруі	6,564,388	10,412,813
Айырбастау бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері	(22,987)	1,152,136
Жыл басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	(1,219)	-
Жыл соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	24,882,525	13,317,576
Ақша қаражаты және оның баламаларының таза өзгеруі	31,422,707	24,882,525

Мың теңгемен

2018 жылғы 1 қаңтарда

Жыл ішіндегі пайда

Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің өділ құнының таза өзгеруі

Басқа жиынтық залал жиыны

Жыл ішіндегі барлық жиынтық кіріс

2018 жылғы 31 желтоқсанда

16 ХҚЕС (IFRS) қолдану әсері

16 ХҚЕС (IFRS) сәйкес қайта есептелген бастапқы сальдо

Жыл ішіндегі пайда

Басқа жиынтық кіріс арқылы өділ құнымен есепке алынатын қаржы активтері өділ құнының таза өзгеруі

Басқа жиынтық кіріс жиыны

Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны

2019 жылғы 31 желтоқсанда

Басқа жиынтық кіріс арқылы өділ құнымен есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв

Акциянерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Сақтық капиталы	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
10,028,720	144,196	279,516	(214,764)	12,696,336
-	-	-	775,119	775,119
-	-	-	48,567	48,567
-	-	-	48,567	48,567
-	-	-	775,119	823,686
10,028,720	144,196	279,516	(166,197)	13,520,022
-	-	-	(45,451)	(45,451)
10,028,720	144,196	279,516	(166,197)	13,474,571
-	-	-	833,651	833,651
-	-	-	(616)	(616)
-	-	-	(616)	(616)
-	-	-	(616)	833,035
10,028,720	144,196	279,516	(166,813)	14,307,606

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

(а) Ұйым және негізгі қызмет

Банк Қазақстан Республикасында 2008 жылы акционерлік қоғам ретінде құрылды. Банктің негізгі қызметі клиенттердің депозиттерін тарту және шоттарын жүргізу, кредиттер мен кепілдіктер ұсыну, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру, бағалы қағаздармен және шетел валютасымен операциялар жүргізу. Банктің қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі («ҚРҰБ») реттейді.

Банктің заңды тұлға ретіндегі ресми мәртебесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу (Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің No.5037-1900-АО (ИУ)) арқылы белгіленді, банк қызметін жүзеге асыру құқығы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігімен (ҚҚА) белгіленген (2008 жылғы 28 қарашада берілген банктік және басқа операцияларды жүзеге асыруға лицензияның No. 1.1.258).

2015 жылғы қаңтар айында «Қазақстан Республикасының рұқсат беру жүйесі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күшіне енуіне байланысты «шетел валютасымен жасалатын айырбастау операцияларын ұйымдастыру» банктік операция түрі «шетел валютасымен жасалатын айырбастау операцияларын ұйымдастыру, оған қоса қолма қол шетел валютасымен жасалатын айырбастау операцияларын ұйымдастыруға» өзгертілді. Банктің лицензиясы қайта рәсімделді (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 20.01.2015 ж. №1.1.258 лицензиясы). 2017 жылғы қаңтар айында заңды мекенжайдың өзгеруіне байланысты банктің лицензиясы қайта рәсімделді (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 27.01.2017 ж. №1.1.258 лицензиясы).

Банктің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., 38, 050010.

Банктің филиалдары жоқ. Активтер мен міндеттемелердің басым бөлігі Қазақстан Республикасында орналасқан.

Банк толығымен «Shinhan Bank» АҚ меншігінде (Корея Республикасы, Сеул қ.) (бұдан әрі – «Бас банк» немесе «Акционер»). Соңғы бас кәсіпорын Shinhan Financial Group Co. Ltd. Болып табылады. Ол Банктің қызметін өз білгенінше және өз мүддесінде бағыттауға құқылы. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар туралы 29-ескертпеде толығырақ айтылған.

(б) Шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайлары

Деятельность Банка осуществляется, в основном, в Казахстане. Соответственно Банк подвержен рискам, присущим экономическим и финансовым рынкам Казахстана, которые демонстрируют характеристики страны с развивающейся рыночной экономикой. Правовая система, налоговая система и законодательная база продолжают развиваться, но подвержены различным интерпретациям и частым изменениям, которые наряду с другими правовыми и финансовыми препятствиями усиливают проблемы, с которыми, сталкиваются организации, осуществляющие деятельность в Казахстане.

Қазақстан экономикасы мұнай мен газға әлемдік бағаның өзгеруіне аса сезімтал, өйткені Қазақстан табиғи ресурстардың үлкен көлемін өндіреді және экспорттайды. Сондай-ақ ірі инфрақұрылымдық жобалар мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының түрлі бағдарламаларына мемлекеттік шығыстар экономиканың жай-күйіне елеулі әсер етеді.

2019 жыл ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы барреліне шамамен 62.35 АҚШ долларын құрады (2018 жылы барреліне 66.73 доллар). 2019 жылы ЖІӨ өсімі 4.5%-ды құрады (2018 жылы 4.1%). Экономиканың негізгі драйверлері құрылыс, көлік, сауда және байланыс болды. Бұл ретте өңдеу саласы тау-кен өндіру саласын 3.7% - ға қарсы 4.4% - ға өсімді көрсетіп, өсу бойынша озып шықты.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі $9.25\% \pm 1\%$ (2018 жылғы 31 желтоқсанға - $10.25\% \pm 1\%$) құрады. Қорландыру құнының салыстырмалы түрде жоғары болуына байланысты 2018 жыл ішінде жаңа несиелерге деген сұраныс салыстырмалы түрде нашар болып қала берді, сонымен қатар банк жүйесіндегі теңгенің өтімділігі артық деңгейлерді

көрсетті. Теңге өтімділігін стерилизациялаудың негізгі құралы ҚРҰБ қысқа мерзімді ноталары болып табылады.

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР (жалғасы)

(б) Шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайлары (жалғасы)

Тіркелген қаржылық есептілік Банк басшылығының қазіргі қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайларының Банктің қызмет нәтижелері мен қаржылық жағдайына тигізуі мүмкін әсеріне берген бағасын көрсетеді. Алайда, экономикалық ахуалға өзгерістердің банктің болашақ қызмет нәтижелеріне және қаржылық жағдайына әсерін қазіргі уақытта анықтау қиын.

2019 жылдың 2-жартыжылдығында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының банк секторы активтерінің сапасына бағалау (бұдан әрі - "ОКА") жүргізді. ОКА тексеру периметріне 14 ірі банк кірді, олардың үлесіне банк секторы активтерінің жалпы көлемінің 87%-ын және сектордың несие қоржынының 90%-ын құрады. Бағалаудың ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін ҚРҰБ ОКА халықаралық консультант және тәуелсіз аудиторлық компаниялармен бірлесіп жүргізді. ОКА Еуропалық Орталық Банктің әдіснамасына сәйкес, сондай-ақ бухгалтерлік есеп және пруденциалдық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды.

ҚРҰБ жариялаған ОКА нәтижелеріне сәйкес 2019 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк секторының шоғырландырылған деңгейінде (ОКА-ға қатысушы барлық банктердің нәтижелерін агрегациялау) капитал тапшылығы байқалмайды; қоры бар k1 және k2 пруденциалдық нормативтері ОКА нәтижелерін ескере отырып, жүйелі деңгейде орындалады.

Банк тексеру периметріне енгізілмеген, Банк өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ХҚЕС талаптарына сәйкес жүзеге асырады, сондықтан ОКА нәтижелері Банктің қаржылық жағдайы мен тұрақтылығына айтарлықтай әсер еткен жоқ.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

(а) ХҚЕС сәйкестігі туралы мәлімдеме

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес Халықаралық қаржылық есептілік жөніндегі Кеңес (ХҚЕС жөніндегі Кеңес) бекіткен редакцияда дайындалды.

(б) Құнды бағалауға арналған база

Берілген қаржылық есептілік басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтерін қоспағанда, нақты шығындар бойынша есеп қағидасына сәйкес дайындалды.

(в) Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Банктің функционалдық валютасы қазақстандық теңге ("теңге") болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Банк жүргізетін операциялардың көпшілігінің және оның қызметіне әсер ететін олармен байланысты мән-жайлардың экономикалық мәнін ең жақсы бейнелейді.

Қазақстандық теңге осы қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады. Теңгемен ұсынылған барлық сандық көрсеткіштер, егер өзгесі көрсетілмесе, жақын мыңға дейін дөңгелектенеді.

(г) Кәсіби пікірлерді, есептік бағалаулар мен жорамалдарды қолдану

Қаржылық есептілікті ХҚЕС талаптарына сәйкес дайындауы басшылықты есеп саясатын пайдалануға және қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың шамасына әсер ететін пікірлерді, есептік бағалаулар мен жорамалдарды жасауға міндеттейді.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(г) Кәсіби пікірлерді, есептік бағалаулар мен жорамалдарды қолдану (жалғасы)

Бағалаулар мен олардың негізінде жатқан жорамалдау жүйелі түрде қайта қарастырылады. Бағалаудағы түзетулер тиісті бағалаулар қайта қарастырылған есептік кезеңде және оларға қатысы бар кез келген кейінгі кезеңдерде мойындалады.

Есептік саясаттарын пайдаланудағы елеулі тұрақсыз бағалаулар мен сын бағалаулар туралы ақпарат келесі ескертпеде сипатталған:

- 15-ескертпе – қарыздардың құнсыздануын бағалау;
- 16-ескертпе – амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін жіктеу;
- 30-ескертпе – қаржы құралдарының әділ құны.

(д) Қызметтің үздіксіздігі

Тіркелген қаржылық есептілік Банктің әдеттегі қызметінің барысында активтер өткізілетін және міндеттемелер өтелетін қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде дайындалған. Осы бағалауды жүргізу кезінде банк басшылығы ақша қаражатының, пайда мен капитал ресурстарының қозғалысы туралы болжамдарды қоса алғанда, қазіргі және болашақтағы экономикалық жағдайларға қатысты ақпараттың кең спектрін қарастырды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Банк бұдан әрі сипатталған есеп саясатының ережелерін жаңа стандарттарды енгізуді қоспағанда, осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есеп беру кезеңдерінде дәйекті түрде қолданған. Банк алғаш рет 15 ХҚЕС (IFRS) және 9 ХҚЕС-ты (IFRS) қолданды. Осы қаржылық есептілік стандарттарын қолдануға байланысты өзгерістердің сипаты мен әсері төменде сипатталған.

(а) Шетел валютасымен жасалған операциялар

Шетел валютасымен жасалған операциялар Банктің функционалдық валютасына операция жасалған күні қолданылған валюталық бағамдар бойынша ауыстырылады.

Есеп беретін күнгі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданылған валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға ауыстырылады. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелермен жасалған операциялардан түскен пайда немесе залал тиімді мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздар мен кезең ішіндегі төлемдер мөлшеріне түзетілген кезең басындағы жағдай бойынша функционалдық валютадағы амортизацияланған құнның және есепті кезең соңындағы жағдай бойынша валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға ауыстырылған шетел валютасындағы амортизацияланған құнның арасындағы айырманы білдіреді.

Әділ құн бойынша бағаланатын шетел валютасында көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер функционалдық валютаға әділ құнды анықтау күні қолданылған валюталық бағамдар бойынша ауыстырылады. Шетел валютасымен және нақты шығындар бойынша көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер функционалдық валютаға операция жасалған күні қолданылған валюталық бағам бойынша ауыстырылады.

Шетел валютасына ауыстырудың нәтижесінде пайда болатын бағамдық айырмалар пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

(б) Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражаты және оның баламалары – қолдағы банкноталар мен монеталар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде («ҚРҰБ») немесе басқа банктердегі бос қалдықтар (ностро шоттар), және Банктің қысқа мерзімде қолданатын, құнының өзгеру қаупі шамалы және құны үш ай ішінде өтелетін жоғары ликвидті қаржы құралдары. ҚРҰБ шотындағы міндетті резервтік талаптар оның қаражатты алу қабілеті бойынша шектеулердің салдарынан ақша қаражатының баламасы болып саналмайды. Ақша қаражаттары және ақшалай эквиваленттері қаржылық жағдайы бойынша есепте амортизациялық құны бойынша есепке алынады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(б) Ақша қаражаты және оның баламалары (жалғасы)

(в) Банктердегі шоттар және депозиттер

Банк өз қызметі барысында ағымдағы шоттарын ашады немесе басқа банктерде әртүрлі уақыт кезеңдеріне салымдарды орналастырады. Белгіленген өтеу мерзімі бар қаражат кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Белгіленген өтеу мерзімі жоқ қаражат бастапқы құны бойынша ескеріледі. Бұл активтер құнсыздануға арналған кез келген резервті шегергенде ескеріледі.

(г) Қаржы құралдары

(і) Қаржы құралдарын тану және бағалау

Банк шарт бойынша тиісті қаржы құралына қатысты тарап болған кезде, қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер Банктің қаржылық жағдайы туралы есепте көрсетіледі. Банк қаржы активтерін және міндеттемелерді сатып алу мен іске асыруды сауда күні бойынша көрсетеді. Осылайша сатып алынған қаржы құралдары кейіннен мәміле жасалған сәттен бастап және белгіленген есеп айырысу күніне дейін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары сатып алынған құралдар сияқты ескеріледі.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді (пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерден басқа) сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты транзакциялық шығындар тиісінше бастапқы тану кезінде қаржылық активтердің немесе қаржылық міндеттемелердің әділ құнын ұлғайтады немесе азайтады. Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтерді немесе қаржылық міндеттемелерді сатып алуға тікелей қатысты транзакциялық шығындар тікелей пайдаға немесе залалға жатқызылады. Құнды кейіннен бағалау үшін пайдаланылатын бухгалтерлік есеп принциптері қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері төменде сипатталған есеп саясатының тиісті ережелерінде ашылады.

Қаржы активтері

Барлық қаржы активтері, қаржы активін тиісті нарықта белгіленген мерзімде жеткізуді талап ететін және бастапқыда қаржы активтерін қоспағанда, әділ құны бойынша есепке алына отырып, мәміле бойынша шығыстармен бағаланатын келісімшарт бойынша сатып алынған немесе сатылатын болса, мәміле жасалған күні танылады және тоқтатылады пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша жіктеледі. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерді сатып алуға тікелей байланысты операциялық шығындар дереу пайдада немесе залалда танылады.

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» шеңберінде танылған барлық қаржы активтері қаржы активтерін басқаруға арналған ұйымның бизнес үлгісіне және қаржылық активтердің ақша ағындарының шарттық сипаттамаларына негізделген амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалануы тиіс.

Бұл ретте:

- *Келісім-шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу үшін активті ұстап қалу.*

Осы бизнес-моделі қаржы активтерін басқару қаржы құралының қолданылу мерзімі ішінде негізгі сома мен пайыздардың төлемдерін алу арқылы ақша қаражатының ағындарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады деп болжайды. Осы бизнес-моделі шегінде қаржы активін өтеуге дейін ұстап тұру басымдық болып табылады, алайда мерзімінен бұрын жүзеге асыруға тыйым салынбайды;

- *Келісім-шартта көзделген ақша ағындарын алу және қаржы активтерін сату үшін активті ұстап қалу.*

Бұл бизнес-моделі қаржы активтерін басқару шарттық ақшалай қаражаттың ағындарын алуға және қаржылық активтерді сатуға бағытталған деп болжайды. Осы бизнес-моделі шеңберінде қаржы активін сатудан қолмақол ақшаны алу - «Келісім-шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін

активтерді ұстап қалу» бизнес-моделімен салыстырғанда сатудың жоғары жиілігі мен сату көлемімен сипатталатын басымдық болып табылады;

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(г) Қаржы құралдары (жалғасы)

(i) Қаржы құралдарын тану және бағалау

- *Басқа мақсаттар үшін активті ұстап қалу.*

Осы бизнес-моделі шеңберінде қаржы активтерін басқару мақсаты мыналар болуы мүмкін:

- a. қаржы активтерін сату арқылы ақшалай қаражат ағындарын жүзеге асыруды басқару;
- b. күнделікті қаржыландыру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өтімділікті басқару;
- c. басқару мен нәтижелілікті бағалау әділ құн негізінде жүзеге асырылатын портфель;
- d. сауда-саттыққа арналған анықтамаға сай келетін портфель. Қаржы активтері саудаға арналған деп саналады, егер олар негізінен жақын уақытта сату (сатып алынған сәтке дейін), қысқа мерзімді пайда алу мақсатында сатып алынған болса (180 күнге дейін) немесе туынды қаржы құралдары болып табылса (хеджирлеу құралы ретінде анықталған қаржылық кепілдіктер немесе туынды қаржы құралдарын қоспағанда).

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес Банктің қаржы активтері мынадай түрде жіктеледі:

- клиенттерге берілген кредиттер амортизацияланған құны бойынша бағаланатын активтер ретінде жіктелген, мақсаты шартпен көзделген негізгі борыш сомасының шотына төленетін төлем және негізгі борыштың өтелмеген бөлігіне пайыз болып табылатын ақша ағындарын алу болып табылатын бизнес-модель шегінде ғана ұсталынады, ол тек негізгі борыш төлемдері және пайыздық төлемдерді қамтиды («SPPI»);
- корреспонденттік шоттардағы қалдықтар, банкаралық кредиттер/депозиттер, РЕПО операциялары әдетте амортизацияланған құн бойынша бағаланатын актив ретінде жіктеледі, яғни бизнес-модель шеңберінде басқарылады, оның мақсаты шартпен көзделген ақша ағындарын алу, соның ішінде SPPI;
- борыштық бағалы қағаздар таңдалған бизнес-модельді және SPPI-ді сақтауды ескере отырып, үш жіктеу санатының кез келгеніне жатқызылуы мүмкін;
- үлестік бағалы қағаздар, әдетте, кезең ішіндегі пайда мен залалдың өзгеруін көрсететін әділ құндағы бағаланатын құралдар ретінде жіктеледі;
- саудаға арналған бағалы қағаздар және туынды қаржы құралдары бағаланатын қаржы активтері ретінде кезең ішіндегі пайда мен залалдың өзгерістерін көрсететін әділ құн бойынша жіктеледі.

Қаржы міндеттемелері

Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы міндеттемелері, не болмаса түрлі қаржы міндеттемесі ретінде жіктелінеді.

Қаржы міндеттемесі мына жағдайда саудаға арналған міндеттеме ретінде жіктелетін болады:

- егер ол негізінен жақын арада кері сатып алу үшін қабылданған болса;
- Банк бірлесіп басқаратын қаржы құралдарының сәйкестендірмелі портфелінің бір бөлігі болып табылса және осы нақты мақсаты қысқа мерзімді табыс әкелу болса; немесе
- хеджирлеу құралы ретінде айқындалмаған және тиімді емес туынды құрал болып табылса.

Саудаға арналған бизнесті біріктіру кезінде сатып алушы төлеуге болатын қаржы міндеттемесі немесе шартты өтемақы болып табылмайтын қаржылық міндеттеме бухгалтерлік есепке қабылдау кезінде ПЗАӨҚ санатындағы қаржы міндеттемесі ретінде жіктелуі мүмкін, егер:

- осындай жіктеуді пайдалану, басқаша туындауы мүмкін активтерді немесе міндеттемелерді бағалау немесе есепке алудағы теңгерімсіздікті айтарлықтай жояды немесе айтарлықтай кемітеді;

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(г) Қаржы құралдары (жалғасы)

(i) Қаржы құралдарын тану және бағалау (жалғасы)

- қаржы міндеттемесі Банктің инвестициялық стратегиясына немесе тәуекелдерді басқарудың құжатталған стратегиясына сәйкес әділ құн негізінде басқарылатын және бағаланатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері тобының немесе қаржы активтері мен міндеттемелер тобының құрамына кіреді және мұндай қаржы тобы туралы осы негізде ұйымның ішінде ұсынылатын болса;
- қаржы міндеттемесі Банктің инвестициялық стратегиясына немесе тәуекелдерді басқарудың құжатталған стратегиясына сәйкес әділ құн негізінде басқарылатын және бағаланатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері тобының немесе қаржы активтері мен міндеттемелер тобының құрамына кіреді және мұндай қаржы тобы туралы осы негізде ұйымның ішінде ұсынылатын болса;
- қаржылық міндеттеме бір немесе бірнеше енгізілген туынды құралдарды қамтитын құралдың бөлігі болып табылады және ХҚЕС (IFRS) 9 құралдың пайда немесе залал туралы есепте оның өзгерісін мойындай отырып, әділ құн ретінде тұтастай (актив немесе міндеттеме) жіктелуіне мүмкіндік береді.

Пайда мен залал арқылы әділ құнмен есепке алынатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері біріктірілген қаржы есептілігінде әділ құнмен есепке алынады. Әділ құнның өзгерістері пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелер бойынша таза (шығында)/пайдада көрсетіледі. Пайда ретінде табылған немесе залал ретінде шегерілген пайыздар келісімшарт талаптарына сәйкес тиісінше пайыздық табыста немесе пайыздық шығында есептеледі, ал дивидендтер алу құқығы белгіленген жағдайда дивиденд бойынша тапқан пайда «Басқа кірістер» деген жолда есепке алынады.

Амортизацияланған құн бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар.

Банк, активті басқару үшін пайдаланылатын Банктің бизнес-моделі мен ақша ағындарының келісім-шартта көзделген сипаттамаларының негізінде қаржы активі жіктелуіне бағалау жүргізеді және баға береді.

Активтерді амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалау үшін, тиісті шарттың талаптары борыштың негізгі сомасына және негізгі соманың өтелмеген бөлігі бойынша пайыздарды ғана қамтитын ақша ағынының пайда болуын қамтуы тиіс.

Белгіленген талаптарға сәйкес келісім-шартпен көзделген ақша ағынын тексеру кезінде, негізгі борыштардың негізгі сомасы, қаржы активінің бастапқы танудан кейінгі әділ құны ретінде қарастырылады. Қаржы активінің мерзімі ішінде борыштардың негізгі сомасы өзгеруі мүмкін (мысалы, негізгі сомаға төлемдер болған жағдайда). Пайыздар белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмеген берешектің негізгі сомасына қатысты кредиттік тәуекел үшін, сондай-ақ кредиттеуге байланысты басқа да қарапайым тәуекелдер мен шығыстар, сондай-ақ пайдаға қатысты, пайдаға арналған шығындардың өтелуін қамтиды. Негізгі және пайыздық төлемдер қаржы активі көрсетілетін валютамен жүргізіледі.

Келісім-шартпен көзделген, өзіне тек борыштың негізгі сомасына және пайыз ретінде ғана төлемді қамтитын ақша ағындары негізгі кредит келісім-шартының талаптарына сәйкес келеді. Нәтижесінде, шартпен көзделген ақша ағындарының тәуекелі немесе құбылмалылығын тудыратын шарт талаптары негізгі кредит келісім-шартына қатысы жоқ, мысалы, акциялар немесе тауарлар бағасының өзгеру тәуекелі шартпен көзделген ақша ағынын тудырмайды, онда тек қана негізгі заем сомасына төлемдер және негізгі заем сомасының өтелмеген бөлігі қамтылады. Құрылған немесе сатып алынған қаржы активі оның заңды нысанда заем болып табылатынына қарамастан, негізгі кредит келісім-шарты болуы мүмкін.

Қаржы активтерін басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельдер қаржы активін жіктеу үшін 9 ХҚЕС-ті (IFRS) бірінші қолдану күнінде бағаланды. Бизнес-моделі ретроспективті түрде Топтың 9 ХҚЕС-ті (IFRS) алғашқы қолдану күніндегі балансында танылған, барлық қаржы активтеріне

қолданылды. Ұйым пайдаланатын бизнес-моделі сол немесе басқа бизнес мақсатқа жету үшін топтастырылған қаржы активтерін басқару механизмін көрсететін деңгейде анықталады. Топтың бизнес-моделі басшылықтың жеке құралға қатысты ниетіне байланысты емес, бағалау жеке құралдар деңгейінде емес, біріктірудің неғұрлым жоғары деңгейінде жүзеге асырылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(г) Қаржы құралдары (жалғасы)

(i) Қаржы құралдарын тану және бағалау (жалғасы)

Өзінің қаржы құралдарын басқару үшін Банк ақша ағындарын тудыру мақсатында, қаржы активтерін басқару тетігін сипаттайтын бірнеше бизнес-модельдерді пайдаланады. Осы бизнес-модельдер Банктің ақша ағынының келісім-шартпен көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де нәтижесі болатынын анықтайды.

Бизнес-модельді бағалау кезінде Банк қолда бар барлық ақпаратты ескереді. Сонымен қатар, бағалау оның пайда болуын Банк болжамды түрде күтуге құқылы, мысалы, «нашар» сценарий немесе «күйзеліс» сценарийі тәрізді сценарийлер негізінде жасалмайды. Банк барлық тиісті деректерді ескереді, мысалы:

- осы бизнес-моделі ұсталатын қаржы активтері мен бизнес-үлгісінің тиімділігін бағалау тетігі және негізгі басқарушы персоналға есеп беру;
- бизнес-моделінің (осы бизнес-үлгі бойынша ұсталатын қаржы активтерінің) тиімділігіне және тәуекелдерді басқару әдісіне әсер ететін тәуекелдер; және де
- басшылыққа сыйақы төлеу тетігі (мысалы, сыйақы төлеу себептері талданады: тиісті активтердің әділ құны немесе шартпен көзделген ақша ағымдары).

Қаржы активін бастапқы тану кезінде Банк жаңадан танылған қаржы активтері қолданыстағы бизнес-моделінің бөлігі болып табыла ма соны анықтайды немесе жаңа бизнес-моделінің пайда болуын көрсетеді. Банк алдыңғы кезеңдегі өзгерістерді анықтау үшін әрбір есепті кезеңде өзінің бизнес-модельдерін қайта қарастырады. Ағымдағы есепті кезеңде Банк өзінің бизнес-моделі қандай да бір өзгерістерді анықтаған жоқ.

Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық құралдарды тануды тоқтатқаннан кейін бұрын басқа толық кіріс арқылы танылған жиынтық кіріс/шығыс өзіндік капиталдан пайда немесе залал санатына қайта жіктеледі. Бастапқы танудан кейін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар құнсыздануға жатады.

(ii) Тануды тоқтату

Банк қаржы активін тануды ол осы қаржы активі бойынша ақша қаражаты ағындарына шартта көзделген құқығын жоғалтқан кезде, не ол қаржы активін осы қаржы активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер және пайдалар іс жүзінде басқа тарапқа берілетін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде берген немесе Банк осы қаржы активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың айтарлықтай бөлігін өткізбеген және сол сияқты сақтамаған, бірақ қаржы активін бақылауды сақтамаған кезде жоғалтады. Тануды тоқтатуға арналған талаптар сақталатын, өткізілетін қаржы активтеріндегі Банк құрған немесе ол үшін сақталған кез келген қатысу үлесі қаржы жағдайы туралы есепте бөлек актив немесе міндеттеме ретінде танылады. Банк қаржы міндеттемесін тануды ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалып жатқан, жойылған немесе олардың әрекет ету мерзімі аяқталған кезде тоқтатады.

Банк мәмілелер жасайды, соның талаптары бойынша активтердің қаржылық жағдайлары туралы шоғырландырылмаған есепте танылғандарды тапсырады, сонымен бірге тапсырылған активтерде меншік құқығынан туындайтын пайданың және тәуекелдің бір бөлігін немесе барлығын сақтайды. Банк барлық тәуекелдер мен пайданың барлығын сақтау кезінде тапсырылған активтерді тануды тоқтатпайды.

Мәмілелер жасау кезінде, олардың талаптары бойынша Банк қаржы активтеріне меншік құқығымен туындайтын барлық тәуекелдер мен пайданы өзіне қалдырмайды және тапсырмайды, егер Банк активтерге бақылаудан айырылса, осы активтерді тану тоқтатылады.

Егер активтерді тапсыру кезінде Банктің оларды бақылау құқығы сақталса, оның құны өзгерумен Банктің бейімделген деңгейі ретінде анықталатын активке қатысуды өзіне қалдырған сол деңгейде активтерді тануды жалғастырады.

Банк активтер өндіріп алуға үмітсіз деп танылғаннан кейін ғана оларды есептен шығарады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(г) Қаржы құралдары (жалғасы)

(iii) *Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу*

Қаржылық активтер мен міндеттемелер, Банк қазіргі уақытта заңды қорғаумен қамтамасыз етілген, танылған сомаларды өзара есепке алуды жүзеге асыруға құқығы бар және нетто-негізде олар бойынша есеп айырысуды жүргізуге не активті сатуға және міндеттемені бір мезгілде орындауға ниеттенген жағдайда ғана нетто-шамада қаржылық жағдай туралы есепте өзара есепке алынады және ұсынылады. Банк қазіргі уақытта, егер осы құқық болашақта оқиға болып табылмаса және әдеттегі қызмет барысында де, сондай-ақ банктің немесе контрагенттердің бірінің міндеттемелері орындалмаған, дәрменсіздігі немесе банкротқа ұшырауы жағдайында да заңды түрде орын алатын болып табылса, өзара есеп айырысуды жүзеге асыру құқығы бар.

(iv) *Құнсыздану*

Қаржы активтерінің құнсыздануы мынадай факторларды ескере отырып есептелді:

- Күтілетін кредиттік шығындар сомасын есептеу мақсатында (ККШ) Банк заемды жеке және топтық негізде кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамаларына негізделген активтерді топтастырумен бағалайды;
- ККЗ - олардың ықтималдығы ескеріле отырып, кредиттік шығындардың сәйкес құнын бағалауды білдіреді. Бұл шығындардың бағалануы шарт бойынша Банкке тиесілі ақшалай қаражат ағындарының және тиісті актив үшін тиімді пайыздық мөлшерлеме арқылы дисконтталған бірқатар экономикалық сценарийлердің ықтималдығын талдау негізінде Банк алатын ақшалай қаражаттың ағыны арасындағы айырмашылықтың сәйкес құнын білдіреді;
- Есептеу шамадан тыс шығындарсыз немесе күшжігерсіз алуға болатын ақылға қонымды және расталған ақпарат негізінде жүзеге асырылады. Кепілдендірілген қаржы активінің күтілетін болашақ ақша ағымдарының дисконтталған құнын есептеу ақшалай қаражаттың ағындарын көрсетеді, бұл кепілдік беруді алудың ж. не сатудың құнын, сатып алудың ықтималдығы немесе ықтималсыздығы болған жағдайда өндіріп алудың нәтижесі болуы мүмкін. Резервтер Топтың өздерінің шығындарын талдау тәжірибесіне және басшылықтың борышқа қызмет көрсету мүмкіндігіне және заем алушының кредиттік тарихына негізделген несиелік тәуекелінің әрбір санаты бойынша активтермен танылуы ықтимал шығындар деңгейіне қатысты жорамалдарға негізделген;
- Қазынашылық операциялар (борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар, «кері РЕПО» операциялары, банкаралық заемдар мен депозиттер, корреспонденттік шоттар, қазынашылық операциялар бойынша дебиторлық берешек) бойынша құнсыздану есебі контрагенттің рейтингі, дефолт ықтималдығы, мәміле мерзімі және дефолт бойынша шығын деңгейін ескере отырып жасалады.
- Қазынашылық операциялар бойынша күтілетін несиелік шығындарды бағалау жеке негізде жүргізіледі (дебиторлық берешек түрінде белгілі бір талаптарды қоспағанда).

Қаржы активтері келесі тәсілге сәйкес қоржынға бөлінеді:

- 1-кезең: актив танылғаннан бергі уақытта кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болмаған кезде, алдағы 12 айдағы құнсызданудан күтілетін шығындар сомасында танылады;
- 2-кезең: актив танылған кезден бастап несиелік тәуекелдің елеулі ұлғаюы, құнсыздану қаржы активінің қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін шығындар сомасында танылады;
- 3-кезең: Қаржы активі дефолт болып табылады немесе құнсыздану белгісі бар.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(г) Қаржы құралдары (жалғасы)

(iv) Құнсыздану (жалғасы)

Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтер

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалауды өлшемі мыналарға тең бағалау резервінің көмегімен жүргізу қажет:

- күтілетін шығындар келесі 12 айда, яғни, қаржы құралының барлық мерзімі ішінде несие шығындарының бөлігі, бұл есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде болуы мүмкін құрал міндеттемелері бойынша міндеттемелерді орындамау салдарынан күтілетін кредиттік залалдар («1-саты»);
- міндеттемелердің қолданылу мерзімі ішінде құрал бойынша міндеттемелерді орындамаудың барлық ықтимал жағдайларының нәтижесінде туындаған қаржы құралының бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдар шамасы («2 саты» және «3 саты»);

Қаржы құралының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде ККШ-ның толық шамасының құрамында бағалау резервін құру үшін құралды бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы жағдайында талап етіледі. Барлық басқа жағдайларда ККШ-ға арналған резервтер ККЗ-ға 12 ай ішінде тең сомада қалыптастырылады.

- Таңдалмаған кредиттік қаражатқа сәйкес ККШ Банк кредиттік қаражат іріктелген жағдайда алууды күтетін ақшалай қаражат ағыны және егер міндеттеме ұстаушы кредиттік қаражатты іріктеген кезде келісім-шарт бойынша Банкке тиесілі ақшалай қаражат ағындары арасындағы сәйкес айырма құнын көрсетеді.
- Қаржылық кепілдік шарттарына қатысты ККШ ұстаушыдан, қарыз алушыдан немесе кез келген басқа тараптан алатын соманы алып тастағанда, кепілдік берілген борыштық құралдың иесіне өтем төлеуге күтілетін төлемдер арасындағы айырманы көрсетеді.

ККШ-ны бағалау жеке несиеге қатысты немесе тәуекелдің ұқсас сипаттамасы бар несие портфельдері бойынша жүргізіледі. ККШ бойынша бағалау резервінің есебі (жеке немесе топтық негізде) бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені (бұдан әрі - «ТПМ») пайдаланып, актив үшін күтілетін ақша ағынының сәйкес құнының негізінде есептеледі.

ККШ шамасын анықтаған кезде, дефолттың анықтамасын қолдану өте маңызды. Дефолтты анықтау ККШ-ның сомасын бағалау үшін пайдаланылады және бағалау резерві келесі 12 айға немесе бүкіл кредиттеу мерзіміне есептелген бе, соны анықтау үшін қолданылады, себебі «дефолт» түсінігі ККШ-ны бағалауға ықпал ететін және кредиттік тәуекелді.

Дефолтты анықтау

Дефолт қаржы активтерінің ең жоғары кредиттік тәуекелі бар және олар бойынша белгіленген бастапқы мерзімде өтеу ықтималдығы жоқ, қайта құрылымдауды жүргізу немесе мұндай қайта құрылымдаудың болашағы болмаған жағдайда шығынды толық немесе ішінара көлемде тану талап етіледі. Эмитенттің/қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы елеулі шығындарды, нарықтық үлестің азаюын қоса алғанда, сыни деңгейден төмен, капитал құны нөлдік белгіден төмендеді.

Банк портфеліндегі әрбір қаржы активтерінің ерекшелігіне байланысты дефолтты тану туралы шешім банктің кредиттік комитеті жеке қарағаннан кейін қабылданады. Әдетте, бұл шешім орын алған немесе ықтималдығы жоғары оқиғалар нәтижесінде қабылданады.

Қаржы активтерінің құнсыздануының сапалық факторлары контрагенттің қаржылық жай-күйінің нашарлауына байланысты сыйақы есептеуді тоқтата тұруды, қаржы активін ұсынған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюынан туындаған берешектің бір бөлігін және/немесе барлық сомасын есептен шығаруды, елеулі дисконтты (15% және одан көп) қаржы активтерін сатуды,

қарызды қайта құрылымдауды, контрагентті банкрот деп тану туралы талап қоюды, сондай-ақ бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жоғалуын, қамтамасыз ету құнының төмендеуін немесе басқа да байқалатын деректерді қамтуы мүмкін.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(г) Қаржы құралдары (жалғасы)

(iv) Құнсыздану (жалғасы)

(v) Кредиттік-құнсыздандырылған қаржы активтері

Қаржы активі осындай қаржы активі бойынша болашақ есептік ақша ағындарына кері әсер ететін бір немесе бірнеше оқиғалар болған жағдайда кредиттік-құнсыздандырылған деп есептеледі. Кредиттік-құнсыздандырылған қаржы активтеріне қатысты «3 кезеңнің активтері» термині қолданылады. Кредиттік құнсыздану белгілері келесі оқиғалар бойынша бақыланатын деректерді қамтиды:

- қарыз алушының немесе кредитордың елеулі қаржылық қиындықтары;
- келісім-шарт талаптарының бұзылуы, мысалы, дефолт немесе төлем мерзімінің өтуі;
- кредитор өзге жағдайда ұсынбайтын, қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты экономикалық себептер немесе шарт талаптарына сәйкес заемшыға кредитордың талаптан қайтуды беруі;
- қаржылық қиындықтар салдарынан бағалы қағаздарға арналған белсенді нарықтың жоғалуы; немесе
- сәйкес кредиттік шығындарды көрсететін үлкен жеңілдікпен қаржы активін сатып алу.

Кейбір жағдайларда жеке оқиғаны анықтау мүмкін емес, өйткені қаржы активінің кредиттік құнсыздануы бірнеше оқиғалардың жиынтық әсерінен болуы мүмкін. Әр есептік күнгі жағдай бойынша Топ амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері болып табылатын борыш құралдарының кредиттік құнсыздануына баға береді. Мемлекеттік және корпоративтік борыш құралдарының кредиттік құнсыздануын бағалау кезінде Топ облигациялардың кірістілігі, кредиттік рейтингтер және заемшының қаржыландыру мүмкіндігін арттыру сияқты факторларды ескереді.

Несие, егер заемшыға кеңшілік жасау нәтижесінде шартта көзделген ақша ағынына ие болмау тәуекелі айтарлықтай төмендегенде, айғақтар болмаған жағдайда қаржылық жағдайдың нашарлауына байланысты кеңшілік берілгенде және басқа да құнсыздану белгілері болмағанда кредиттік құнсызданған деп саналады. Кеңшілік беру көзделген, бірақ ол берілмеген қаржы активтері егер кредиттік құнсызданудың байқалатын белгілері бар болса, оның ішінде дефолттың анықтамасына сәйкес келсе кредиттік құнсызданған деп саналады. Дефолтты анықтау төлем ықтималдығының жоқтығы мен төлем мерзімінің аяқталуын белгілейді (90 күн немесе одан кейін кешіктіру). Кросс-дефолтты қолдану туралы шешім клиенттің объектісінің шарттарын, мысалы, кредиттік тәуекелдің қамтамасыз етілуін және маңыздылығын жеке бағалауға негізделген.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(д) Негізгі құралдар

(i) Меншікті активтер

Негізгі құралдардың объектілері жинақталған амортизациялар сомасын және құнсызданудан болған залалдарды шегерумен нақты шығындар бойынша көрсетіледі. Егер негізгі құралдар объектісінің пайдалы қолдану мерзімі әр түрлі бірнеше құрамдас бөліктерден тұрса, ондай құрамдас бөліктер негізгі құралдардың жеке объектілері ретінде көрсетіледі.

(ii) Амортизация

Негізгі құралдар бойынша амортизация негізгі құралдың қызмет мерзімінің осы негізгі құралдың пайдаланудың ерекше жағдайларымен анықталған және пайда немесе залал құрамында көрсетілетін жағдайларын қоспағанда, негізгі құралдардың барлық түрлері бойынша 20% аспайтын мөлшерде нормалар бойынша азаятын қалдық әдісі бойынша есептеледі. Амортизация объекті сатып алынған күннен бастап, ал шаруашылық тәсілмен салынған негізгі құрал объектілері үшін – объекті құрылысы аяқталып және оны пайдалануға беру дайын болған кезеңнен бастап есептеледі. Жер учаскелері бойынша амортизация есептелмейді.

Егер Банк жалға алынатын негізгі құралдарға күрделі салымдарды салса, мұндай шығындар келесі мерзімдердің ішіндегі ең қысқа мерзімнің ішінде тік сызықты әдістің негізінде амортизацияланады: жалдау мерзімінің немесе жалға алынған меншікті жақсарту қызметінің пайдалы мерзімі.

(е) Материалдық емес активтер

Сатып алынған материалдық емес активтер қаржылық есептілікте жинақталған амортизациялар сомасын және құнсызданудан болған залалдарды шегерумен нақты шығындар бойынша көрсетіледі. Арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуге лицензиялар сатып алуға және оны ендіруге арналған шығындар тиісті материалдық емес активтер құнында капиталдандырылады.

Материалдық емес активтер бойынша амортизация материалдық емес активтің қызмет мерзімінің осы материалдық емес активті пайдаланудың ерекше жағдайларымен анықталған және пайда немесе залал құрамында көрсетілетін жағдайларын қоспағанда, материалдық емес активтердің барлық түрлері бойынша 20% аспайтын мөлшерде нормалар бойынша азаятын қалдық әдісі бойынша есептеледі.

(ж) Сатуға арналған активтер

Ұзақ мерзімді активтермен тікелей байланысты ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер, егер мұндай активтердің ағымдағы құны оларды тұрақты пайдалану арқылы емес, осы активтерді сату арқылы басым түрде өтелетін, сондай - ақ егер мұндай активтер (немесе істен шығу тобы) олардың ағымдағы жағдайында сатылуы мүмкін болса, сатуға арналған ретінде (бұдан әрі - "істен шығу тобы") жіктеледі. Басшылық осы активтерді сатуға арналған ретінде жіктеген сәттен бастап бір жыл ішінде осындай активтерді сатуға қатаң ниеті болуы тиіс.

Сатуға арналған активтер сатуға арналған шығыстар шегеріле отырып, олардың ағымдағы және әділ құнының ең азы бойынша бағаланады. Егер сатуға арналған активтің әділ құны сатуға арналған шығыстарды шегергенде оның ағымдағы құнынан аз болған жағдайда, ұйым пайда мен шығындар туралы есепте құнсызданудан болған залалды сатуға арналған активтерден болған залал ретінде тануға тиіс. Сатуға арналған шығыстарды шегергендегі активтің әділ құнындағы кез келген кейінгі ұлғаю осы активтер бойынша бұрын танылған құнсызданудан жинақталған шығын сомасына танылады.

(з) Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Кейінге қалдырған салықтардан басқа қаржылық емес активтер құнсыздану белгілері болу мәніне әр есептілік күнгі жағдай бойынша бағаланады. Қаржылық емес активтердің өтелетін құны сату және қолданудан түскен құндылықтар бойынша шығындарды шегерумен әділ құнының ең үлкен шамасы болып табылады. Қолданудан түскен құндылықтарды есептеу кезінде ұсынылатын

болашақтағы ақша қаражаттар ағымдары салық салынғанға дейінгі дисконтталған мөлшерлемені қолданумен ағымдағы келтірілген құнына дисконтталады, ол ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды және осы активке тиесілі тәуекелді көрсетеді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(з) Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Ақша қаражаттары ағымдарын туындатпайтын активтер үшін басқа активтерден туындататын ақша қаражаттары ағымдарынан айтарлықтай деңгейде тәуелді емес, орны толтырылатын құн актив тиесілі ақша қаражаттарын туындататын активтер тобы бойынша анықталады. Құнсызданудан болған залал активтің баланстық құны немесе ақша қаражаттарын туындататын оның бірліктері орны толтырылатын құнынан асқанда танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық залалдар пайда немесе залал құрамында көрсетіледі және өтелетін құнын анықтауда пайдаланылатын бағалауда өзгерістер болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Активтердің құнсыздануынан болған кез келген залал сол мөлшерде қалпына келтіріледі, ол бойынша активтің баланстық құны осы баланстық құннан аспайды (амортизацияны шегергенде), егер құнсызданудан болған шығын қаржылық есептілікте көрсетілмесе жинақталатын еді.

(и) Резервтер

Резерв қаржылық жағдай туралы есепте Банкте заңдық тұрғыдан немесе болған оқиғалар нәтижесінде негізделген міндеттемелер туындағанда және осы міндеттемелерді орындау үшін қаражаттарды басқа аудару қажеттілігі болу мүмкін жағдайларда көрсетіледі. Егер осы міндеттемелер сомасы көп болса, онда резервтер салық салынғанға дейінгі дисконтталған мөлшерлемені қолданумен ұсынылатын болашақтағы ақша қаражаттары ағымдарын дисконттау арқылы анықталады, ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды және қолданылатын жерде, осы міндеттемеге тиесілі тәуекелді көрсетеді.

(к) Кредит сипатындағы шартты міндеттемелер

Ағымдағы шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында Банк кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелерді мойнына алады және кредиттік сақтандырудың басқа түрлерін ұсынады. Оларға қолданылмаған кредиттік желілер, аккредитивтер және кепілдіктер жатады.

Қаржы кепілдіктері – Банкті қаржы кепілдігін ұстаушыға белгілі бір дебитордың төлемдерді борыштық құралдар талаптарында белгіленген мерзімде жүргізе алмауы нәтижесінде шеккен шығындарының орнын толтыратын белгілі бір төлемдерді жүзеге асыруға міндеттейтін шарттар.

Қаржылық кепілдік бойынша міндеттеме бастапқыда мәмілемен байланысты шығындардың шегерімімен әділ құны бойынша танылады және соңынан екі көлемнің ең көбі бойынша бағаланады: бастапқыда жинақталған амортизацияның шегерімімен танылған сомалар немесе аталған кепілдік бойынша мүмкін болатын шығындарға арналған резервтің көлемі. Қаржылық кепілдіктер және кредит сипатындағы басқа міндеттемелер бойынша мүмкін болатын шығындарға арналған резервтер шығынның туындауының жоғары ықтималдығы болған жағдайда және мұндай шығындардың мөлшерін сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен өлшеуге мүмкін болса танылады.

Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер және кредит сипатындағы басқа міндеттемелер бойынша резервтер басқа міндеттемелер құрамына кіргізіледі.

Кредит ұсыну бойынша міндеттемелер қаржылық есептілікте, төмендегі жағдайларды қоспағанда мойындалмайды:

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(к) Кредит сипатындағы шартты міндеттемелер (жалғасы)

- Банктің өзгерістері кезең үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері санатына айқындайтын кредиттер беру бойынша міндеттемелер;
- Банкте туынды қаржы құралдары ретінде қарастырылатын құралдар класына жататын кредиттер беру бойынша осыған ұқсас міндеттемелері туындағаннан соң кредит беру бойынша міндеттемелеріне байланысты сатып алған активтерді бұрын сатқан тәжірибесі болған жағдайда;
- ақша қаражатының нетто-көлеміне немесе басқа қаржы құралдарын беру немесе шығару арқылы есептеулері шартқа сәйкес жүзеге асырылатын кредиттер беру бойынша міндеттемелер;
- кредитті нарықтағыдан төмен мөлшерлеме бойынша беру міндеттемелері.

(л) Акционерлік капитал

(i) Жай акциялар

Жай акциялар капитал ретінде топтастырылады. Жай акциялар шығаруға және акцияларға опциондармен байланысты тікелей шығындар, кез келген салықтық тиімділікті шегерумен капиталдың азаюы ретінде танылады.

(ii) Дивидендтер

Банктің дивидендтерді жариялау және төлеу мүмкіндіктері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

Жай акциялар бойынша дивидендтер қаржылық есептілікте оларды жариялау бойынша бөлінбеген табысты қолдану ретінде көрсетіледі.

(м) Салық салу

Табыс салық сомасына бір жылдағы ағымдағы салық сомасы және кейінге қалдырылған салық сомасы кіреді. Табыс салығы толық көлемде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі, басқа жиынтық табыс баптарында және тікелей капитал құрамында көрсетілетін акционерлермен жүргізілетін операцияларға қатысты сомаларды қоспағанда, олар әрине, басқа жиынтық табыс құрамында немесе тікелей капитал құрамында көрсетіледі.

Ағымдағы табыс салығы есептілік күнгі жағдай бойынша қолданыстағы, табыс салығының мөлшерлеме есебімен есептілік кезеңдегі болжанатын салық салынатын пайда көлемінің негізінде, сондай-ақ алдыңғы есептілік жылдарға табыс салығы сомасын нақтылау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомасы есепке алынады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері оларды шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте және олардың салықтық базасымен көрсету мақсатында анықталатын, активтер мен міндеттемелердің баланстық құны арасында туындайтын, уақытша айырмашылық қатынасында баланстық міндеттеме әдісімен көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мынадай уақытша айырмашылық қатынасында танылмайды: бірінші көрсету фактісі бухгалтерлік не болмаса салық салынатын табысқа әсер етпейтін активтер мен міндеттемелерге қатысты айырмашылықтар. Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің шамасы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе іс жүзінде қолданысқа енгізілген заңдарға негізделі отырып, уақытша айырмашылықтарды қалпына келтіру кезінде болашақта қолданылатын салық мөлшерлемесіне сүйене отырып айқындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің есептері салықтың кейінгі салдарын көрсетеді, ол есеп беретін жыл соңында активтер мен

міндеттемелердің баланстық құнының орнын толтыру немесе өтейді деп Банк жоспарлайтын тәсілге байланысты болады.

Кейінге қалдырылған салық активтері алдағы уақытта қолданылмаған салықтық залалдарды және пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктердің уақытша айырмасын жабу үшін жеткілікті салық салынатын табыс түсуі мүмкіндік бар деңгейде ғана көрсетіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(м) Салық салу (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық бойынша талаптар көлемі салықтық талаптарды іске асырудан тиісті пайда түсінің ықтималдығы болмағанда, сол деңгейде ғана азайтылады.

(н) Қаржылық есептілікте кірістер мен шығыстарды тану

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар «таза пайыздық кірісте» «тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер» және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайда мен шығыстар туралы есепте «пайыздық шығыстар» ретінде танылады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме — бұл қаржы құралы бойынша болашақтағы есеп айырысу ақша ағындарын қаржылық активтің немесе міндеттеменің күтілетін әрекет ету мерзімі ішінде немесе (егер қолданылса) қысқа мерзім ішінде таза баланстық құн шамасына дейін дисконттау ставкасы. Болашақ ақша ағындары құралдың барлық шарттық талаптарын ескере отырып бағаланады.

Егер қаржы активі немесе қаржы активтері тобы құнсыздану нәтижесінде есептен шығарылған (немесе ішінара есептен шығарылған) болса, пайыздық табыс осы қаржы активінің таза амортизацияланған құнына құнсызданудан болған шығындарды есептеу мақсаттары үшін болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылатын пайыздық ставка ескеріле отырып айқындалады. Егер қаржы активі бойынша дефолт жойылса және ол кредиттік-құнсызданған болып табылмаса, банк жалпы құн негізінде пайыздық кіріс есебіне қайтарылады.

Комиссиялық табыстар осындай қызметтерге айырбас ретінде алынатын сыйақыны көрсететін сомада клиенттерге қызмет көрсету ретінде көрсетіледі. Банк орындауға міндеттемені, яғни клиентпен келісілген қызметтерді және сыйақыны анықтайды және клиентпен келісілген қызметтерді беруге, орындау бойынша міндеттемеге сәйкес кірісті таниды.

Банк орындауға әрбір анықталған міндеттеме үшін шарт жасасқан кезде оның белгілі бір уақыт ішінде немесе белгілі бір уақытта орындауға міндеттеме орындалатынын және өтемді шектеуді қоса алғанда, тіркелген немесе ауыспалы болып табыла ма, мысалы, Банктің ықпалымен байланысты емес сыртқы факторлар екенін анықтайды. Өтеу кейіннен орындауға анықталған міндеттемеге бөлінеді.

Басқа комиссиялар, сондай-ақ басқа да кірістер мен шығыстар тиісті қызметті ұсыну күніне пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

Операциялық жалдау келісім-шарты бойынша төлемдер жалдаудың қолданылу мерзімі бойы бірқалыпты кезең үшін пайда немесе шығын құрамында танылады. Алынған жеңілдіктердің сомасы жалдаудың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде жалдау бойынша шығыстардың жалпы шамасын азайтады.

(о) Қаржылық кепілдік келісім-шарты

Банк беретін қаржылық кепілдіктер немесе аккредитивтер, егер дебитор борыштық құралдың бастапқы немесе модификацияланған шарттарына сәйкес уақтылы төлем жасай алмайтын жағдайда пайда болатын шығынды өтеу ретінде төлемдерді жүзеге асыруды көздейтін кредиттік операцияларды қамтамасыз етуді білдіреді. Мұндай қаржылық кепілдіктер немесе аккредитивтер бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі. Кейіннен олар (а) резерв ретінде көрсетілген соманы және (б) қаржылық кепілдік немесе аккредитивтер бойынша алынған сыйақы түрінде болашақ кезеңдердің кірістерінің жинақталған амортизациясын шегере отырып, бастапқы көрсетілген соманы негізге ала отырып бағаланады, көрсетілген сомалардың қайсысы үлкен болып табылатынына байланысты.

(п) Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС

Төменде санамаланған жаңа және қайта қаралған стандарттар мен интерпретациялар ағымдағы кезеңде алғаш рет қолданылды және осы қаржылық есептілікте ұсынылған қаржылық көрсеткіштерге әсер етті.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(п) Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС (жалғасы)

- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау»;
- ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетулер «Теріс өтемақымен алдын ала төлеу шарттары»;
- ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер «Қауымдастық ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар»;
- ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдіру, 2015-2017 жж. кезеңдер;
- ХКЕСТК (IFRIC) 23 «Табыс салығын есептеу ережелеріне қатысты тұрлаусыздық».

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

Ағымдағы жылы банк 2019 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енген 16 «Жалдау» ХҚЕС (IFRS) қолданды (ХҚЕС бойынша Кеңес шығарған (СМСФО)).

16 ХҚЕС (IFRS) жалдауды есепке алуға қатысты жаңа немесе өзгертілген талаптарды енгізеді. Стандарт қысқа мерзімді жалдау шарттары мен базалық актив құны төмен жалдау шарттарынан басқа, барлық жалдау шарттары үшін тану басталған күннен бастап пайдалану құқығы және жалдау бойынша міндеттемелер нысанында активті тануды талап ете отырып, операциялық және қаржылық жалдау арасындағы айырмашылықтарды жою жолымен жалдау есебінде елеулі өзгерістер енгізеді. Жалға алушының есепке алуынан айырмашылығы, лизинг берушінің бухгалтерлік есебі іс жүзінде өзгеріссіз қалды.

Нәтижесінде, банк жалға алушы ретінде активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығы нысанындағы активті және жалдау төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемені білдіретін міндеттемені мойындады. Банктің 16 ХҚЕС (IFRS) бастапқы қолдану күні 2019 жылғы 1 қаңтар болып табылады.

Банк 16 ХҚЕС (IFRS) сәйкес 16 ХҚЕС (IFRS) модификацияланған ретроспективті қолдану моделін таңдады, бұл 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап салыстырмалы кезеңді қайта есептемей қолдануды білдіреді, яғни салыстырмалы кезең бұрын 17 ХҚЕС (IAS) және тиісті интерпретацияларға сәйкес ұсынылған.

Есеп саясатындағы өзгерістер, банктің қызметіне қатысы бар сипаттама мен әсері туралы толық ақпарат төменде сипатталған.

Жалдаудың жаңа анықтауының әсері

Банк ХҚЕС (IFRS) 16-ға көшудің шегінде ұсынылған практикалық шараларды қолдануды жоспарлап отыр, ол шарттың өздігінен немесе жалдау талаптарын қамтитынын анықтауға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, ХҚЕС (IAS) 17 және ХКЕСТК (IFRIC) 4 сәйкес жалдауды айқындау бұрынғыша 2019 жылғы 1 қаңтарға дейінгі енгізілген өзгерістермен немесе жасалған жалдау шартына қатысты қолданылатын болады.

Жалдаудың анықтамасындағы өзгеріс, ең алдымен, бақылау тұжырымдамасына қатысты. Бұл 17 ХҚЕС (IAS) және 4 ХКЕСТК (IFRIC) "Тәуекелдер мен пайдалар" акцентіне қарама-қайшы келеді. ХҚЕС (IFRS) 16 сатып алушы сәйкестендірілген активті пайдалануды бақылауды негізге ала отырып, жалдау шарттары мен қызмет көрсету шарттарын бөліп көрсетеді. Сатып алушыда мыналар:

- сәйкестендірілген активті пайдаланудан түскен барлық экономикалық пайданы алу құқығы; және
- мұндай активті тікелей пайдалануға құқығы болғанда, бақылау жүзеге асырылады.

Банк жалдау анықтамасы және 16 ХҚЕС-пен (IFRS) байланысты нұсқаулықты 2019 жылғы 1 қаңтардан ертерек жасаған немесе өзгертілген барлық жалдау шарттарына қатысты қолданатын болады.

16 ХҚЕС (IFRS) бірінші қолдануға дайындық кезінде Банк енгізу жөніндегі жобаны іске асыруды жүзеге асырды. Осы жоба 16 ХҚЕС (IFRS) талаптарының жаңа сипаттамасы жалға алуды анықтауға сәйкес келетін Банктің қолданыстағы келісімдерін бағалауда елеулі өзгерістерге әкелмейтінін көрсетті.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(п) Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС (жалғасы)

Операциялық жалдау

ХҚЕС (IFRS) 16 Банктің жалдауды есепке алу қағидасын ХҚЕС (IAS) 17 (баланстан тыс есеп) сәйкес бұрын жіктелген операциялық жалдау ретінде өзгертеді.

ХҚЕС (IFRS) 16 барлық жалдау шарттарына (төменде аталғандарды қоспағанда) бастапқы қолданған кезде Банк:

- қаржылық жағдай туралы есепте пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және тиісінше "Негізгі құралдар" және "Басқа міндеттемелер" құрамындағы жалдау бойынша міндеттемелерді таниды. Көшу сәтінде жалдау бойынша міндеттемелер бастапқы қолдану күніне қосымша қарыз қаражатын тарту ставкасын пайдалана отырып дисконтталған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша - 2019 жылғы 1 қаңтарда бағаланды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бастапқыда жалдау бойынша міндеттемеге сәйкес келетін құны бойынша танылды, өйткені Банк бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген шарттар үшін оңайлатылған тәсілді пайдаланды;
- пайда мен шығындар туралы есепте "Операциялық шығыстар" құрамында тозу мен амортизацияға арналған шығыстар ретінде пайдалану құқығы нысанындағы активтердің амортизациясын және "Пайыздық шығыстар" құрамында жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша проценттерді таниды;
- ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте негізгі бөлігін (қаржы қызметінде ұсынылған) және проценттерді (операциялық қызметте ұсынылған) өтеуге бағытталған ақша қаражатының жалпы сомасын бөледі.

16 ХҚЕС (IFRS) сәйкес құнсыздану мәніне пайдалану құқығымен активтерді бағалау 36 ХҚЕС (IAS) «Активтердің құнсыздануы» сәйкес жүргізіледі. Бұл шығынды жалдау шарттары бойынша резервті тануға қатысты алдыңғы талапты алмастырды.

Қысқа мерзімді (12 айға дейінгі) жалдау және құны төмен активтерді жалдау үшін Банк жалдау бойынша шығындарды 16 ХҚЕС (IFRS) рұқсат етілгендей біркелкі тануға ниеттенеді.

Ынталандыратын жалдау төлемдері (мысалы, тегін (жеңілдік) кезеңі) жалдау бойынша пайдалану құқығы мен міндеттемелер ретінде активтерді бағалау шегінде танылады, олар ХҚЕС (IAS) 17-ге сәйкес оның пайдалану мерзімі ішінде жалға беру шығындарын біркелкі қысқарту ретінде амортизацияланатын жалға беру міндеттемелері бойынша ынталандыру төлемдерін тануды енгізді.

Қаржылық жалдау

16 (IFRS) ХҚЕС сәйкес, кепілдеменің қалдық құнына сәйкес төленуі тиіс сома ғана 17 (IAS) ХҚЕС-та қарастырылған кепілдеменің максималды сомасын емес, жалдау міндеттемесі ретінде танылады. Бұл өзгеріс Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпеді.

16 (IFRS) ХҚЕС қолдану әсері

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бағалау банк "Негізгі құралдардың" бөлігі ретінде ұсынылған 286,031 мың теңге мөлшеріндегі пайдалану құқығы нысанында активті 45,451 мың теңге мөлшеріндегі бөлінбеген пайданы және 11,364 мың теңге мөлшеріндегі кейінге қалдырылған салық активін және 342,846 мың теңге мөлшеріндегі тиісті міндеттемені танқанын көрсетеді, ол осы барлық жалдау шарттарына қатысты "Басқа міндеттемелер" бөлігі ретінде ұсынылған. Пайда мен шығындар туралы есепте жалға алуға байланысты шығыстар "Басқа жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар" құрамындағы амортизацияға арналған шығыстар және "Пайыздық шығыстар" құрамындағы сыйақы төлеу жөніндегі шығыстар ретінде берілген.

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банктің қаржылық жалға алуын талдау негізінде осы күнгі фактілер мен жағдайлар негізінде банк басшылығы осы өзгерістің Банктің қаржылық есептілігіне әсер етпейтінін анықтады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(п) Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС (жалғасы)

9 ХҚЕС (IFRS) «Кері өтемақымен алдын ала өтеу шарттарына» түзетулер

9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер алдын ала төлеу ерекшеліктерін борыштың негізгі сомасы және пайыздық төлемдерді төлеу критерийлеріне сәйкес келетіндігін анықтау үшін шарттың тарапы оның себебіне қарамастан алдын ала төлем үшін негізделген өтемақыны төлей алатынын немесе төлей алмайтынын түсіндіреді. Басқаша айтқанда, кері өтемақыны алдын ала төлеу ерекшеліктері борыштың негізгі сомасы мен пайыздары есебінен төлем критерийлерін автоматты түрде бұзбайды.

28 ХҚЕС (IAS) «Қауымдастырылған ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдарға» түзетулер

Түзетулер, 9 ХҚЕС-тың (IFRS) оның құнсыздануға қатысты талаптарымен бірге ұзақ мерзімді салымдарға қолданылатынын түсіндіреді. Бұған қоса, кәсіпорын ұзақ мерзімді салымдарға 9 ХҚЕС-тың (IFRS) қолданған кезде ұйым 28 ХҚЕС-ке (IAS) талап ететін ұзақ мерзімді салымдардың баланстық құнының түзетулерін (мысалы, 28 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес инвестиция объектісінің зияндарын тарату немесе құнсыздануға жасалған бағалау нәтижесіндегі ұзақ мерзімді салымдардың баланстық құнының түзетулерін) назарға алмайды.

Банк 28 ХҚЕС (IAS) қолданғанға дейін осындай ұзақ мерзімді салымдарға 9 ХҚЕС-ты (IFRS) қолданды.

Жыл сайынғы ХҚЕС жетілдіру, 2015-2017 жылдар кезеңі. ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру», ХҚЕС (IFRS) 11 «Бірлескен қызмет», ХҚЕС (IAS) 12 «Пайдаға салынатын салық» және ХҚЕС (IAS) 23-ке «Қарыздар бойынша шығындар» түзетулері.

Банк ағымдағы жылы алғаш рет «2015-2017 жылдардағы ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіруге» енгізілген түзетулерді қолданды. Жыл сайынғы жетілдірулер төрт стандарттың түзетулерін қамтиды:

ХҚЕС (IAS) 12 «Пайдаға салынатын салықтар»

Түзетулер ұйымның дивидендтерде қатысты пайда немесе залал, басқа да жиынтық кіріске немесе капиталға байланысты, бұл бастапқыда бөлінетін пайданы жасайтын операцияларды қалай танығандығына байланысты, салық салудың салдарын тануы тиістігін түсіндіреді. Түзетулер бөлінетін және бөлінбейтін пайдаға қатысты қолданылатын табыс салығының мөлшерлемесіне қарамастан қолданылады.

ХҚЕС (IAS) 23 «Қарыздар бойынша шығындар»

ХҚЕС (IAS) 23 түзетулері тиісті актив оны мақсатты пайдалануға немесе сатуға дайын болғаннан кейін қандай да бір қарыз өтелмей қалған болса, онда жалпы мақсаттағы заем құралдары бойынша капиталдандыру мөлшерлемесін есептеу кезінде мұндай заем жалпы мақсаттағы құралдары құрамына қосылады.

ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру»

3 ХҚЕС-тегі (IFRS) түзетулер егер ұйым бірлескен операция болып табылатын бизнеске бақылау алса, онда ол әділ құн бойынша бірлескен операциялардың активтері мен міндеттемелерінде бұрын болған қатысу үлестерін қайта бағалауды қоса алғанда, кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын бизнесті біріктіруге қатысты талаптарды қолдануы тиіс делінген. Бұрын тиесілі қатысу үлестерін қайта бағалау бірлескен операцияларға байланысты танылмаған кез келген активтерді, міндеттемелерді және гудвиллді қамтиды.

ХҚЕС (IFRS) 11 «Бірлескен қызмет»

11 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер бизнес болып табылатын бірлескен операцияларға қатысатын, бірақ бірлескен бақылауды жүзеге асырмайтын тарап осындай бірлескен операцияларға бірлескен бақылау алған кезде, ол бұрын оған тиесілі бірлескен операцияларға қатысу үлестерін қайта бағалауды жүргізбейтінін түсіндіреді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(п) Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС (жалғасы)

23 ХҚЕТК (IFRIC) «Табыс салығын есептеу ережелеріне қатысты белгісіздік»

23 ХҚЕТК (IFRIC) пайдаға салынатын салықты түсіндіруде белгісіздіктер орын алғанда табыс салығын қалай есепке алу керек екенін анықтайды. Түсіндірмеге сәйкес ұйым:

- белгісіз салық позицияларын бағалауды қалай орындау қажет екенін белгіледі: жеке немесе жиынтықта;
- салық органының пайда салығы бойынша декларацияны беру кезінде пайдаланған немесе пайдалануға ұсынған белгісіз салық түсіндірмесімен келісетіндігі туралы жоғары ықтималдықтың бар-жоғын бағалады;
- егер жоғары ықтималдылық бар болса, пайдаға салынатын салық бойынша декларацияны беру кезінде пайдаланылған немесе пайдалануға жоспарланған салық тракторына сәйкес өзінің есептік салық позициясын айқындады;
- егер жоғары ықтималдылық болмаса, өзінің есептік салық позициясын анықтау кезінде белгісіздік әсерін көрсетті.

Жоғарыда аталған стандарттарды қолдану Банктің қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпеді.

(р) Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Бірқатар жаңа стандарттар, стандарттарға түзетулер мен түсіндірулер 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әлі күшіне енген жоқ және осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған жоқ. Банк аталған стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді қолдануды олар қолданысқа енген сәттен бастап бастауды жоспарлап отыр:

- 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»;
- ХҚЕС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» және ХҚЕС (IAS) 28 «Инвесторлар мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе жарна төлеу» түзетулер;
- 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер;
- 1 ХҚЕС (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- Тұжырымдамалық негіз.

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

Жаңа стандарт сақтандыру шарттары бойынша тану, бағалау, ұсыну және ашу қағидаларын белгілейді және ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттары» алмастырады.

Бұл стандарт ауыспалы сақтандыру сыйақылары шарттары ретінде сипатталатын тікелей қатысу компоненттері бар сақтандыру шартына сәйкес модификацияланған жалпы үлгінің қолданылуын көздейді. Белгілі бір критерийлер орындалса, сыйақыларды бөлу әдісін қолдана отырып, қалған жабу бойынша міндеттемелерді бағалау арқылы жалпы үлгі жеңілдетіледі.

Жалпы үлгі болашақ ақша ағындарының сомасын, мерзімін және белгісіздігін бағалау үшін ағымдағы болжамдарды қолданады және осындай белгісіздіктің мәнін жеке-жеке өлшейді; үлгі нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді және сақтандыру шарттарын ұстаушылардың опциондары мен кепілдіктерінің әсерін ескереді.

Стандарт мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2021 жылғы 1 қаңтардан ерте басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Алайда қазіргі уақытта ХҚЕС жөніндегі кеңес 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін күшіне өну күнін бір жылға кейінге қалдыруды қарастырады. Ол

ретроспективті түрде қолданылады, егер бұл мүмкін болмаса, мұндай жағдайларда модификацияланған ретроспективті әдіс немесе әділ құнды есептеу әдісі қолданылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(р) Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС (жалғасы)

Өтпелі талаптарды қанағаттандыру мақсатында бастапқы қолдану күні кәсіпорынның осы стандартты бірінші қолданатын жылдық есепті кезеңінің басталуы және өтпелі күнді бастапқы қолдану күнінен бұрынғы кезеңнің басталуы болып табылады.

ХҚЕС (IFRS) 10-ға және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер «Инвесторлар мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе жарна төлеу»

ХҚЕС (IFRS) 10-ға және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер Инвесторлар мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасында активтерді сату немесе жарна төлеу жағдайларында қолданылады. Атап айтқанда, түзетулер қауымдастырылған ұйыммен немесе бірлескен кәсіпорынмен жасалған мәміледе өз бизнесін ұсынбайтын еншілес ұйымға деген бақылауды жоғалтуға байланысты алынған, үлестік қатысу әдісімен ескерілетін пайдалардың немесе шығындардың осы қауымдастырылған ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы басқа байланыспаған инвесторлардың үлесінде ғана бас компанияның пайдалары мен залалдарының құрамында танылады. Осыған ұқсас, бұрынғы еншілес ұйымдардағы қалған үлестің әділ құнына дейін қайта бағалаудан түсетін пайдалар немесе залалдар (қауымдастырылған ұйым немесе бірлескен кәсіпорын болған және үлестік қатысу әдісімен ескерілетін) қауымдастырылған жаңа ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға байланысты емес инвесторлардың үлесінде ғана бұрынғы бас компаниямен танылады.

Күшіне енетін күнді ХҚЕС жөніндегі Кеңес белгілеуі тиіс, бірақ мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру»

Осы түзетулерге сәйкес бизнес болып саналуы үшін қызмет түрлері мен активтердің сатып алынған біріктірілген жиынтығы, кем дегенде, салымды және айтарлықтай дәрежеде қайтарымды құруға ықпал ететін принципті маңызды процесті қамтуы тиіс. Түзетулер «шығындарды төмендету нысанында табысты қамтамасыз ету қабілеті» анықтамасынан алып тастай отырып, клиенттерге ұсынылатын тауарлар мен қызметтер түріндегі қайтарымға баса назар аудара отырып, бизнесті анықтау мен қайтарымды тарылтады.

Түзетулер сондай-ақ нарыққа қатысушылардың кез келген жетіспейтін ресурстарды немесе олардың процестерін қайтарымды алуды жалғастыру үшін өз салымдарымен және процестерімен ауыстыру мүмкіндіктерін бағалау қажеттілігін алып тастайды.

Бұдан басқа, түзетулер әділ құнды шоғырландыруға қосымша тест енгізеді, ол сатып алынған қызмет түрлері мен активтердің жиынтығы 3 ХҚЕС (IFRS) "Бизнесті біріктіру" сәйкес бизнес болуын бағалауды жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Түзетулер бизнес бірлестіктеріне қатысты күшіне енеді, олар үшін сатып алу күні 2020 жылдың 1 қаңтарынан басталатын бірінші жылдық есепті кезең басталғаннан кейін немесе осы күннен кейін басталады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат беріледі.

ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС (IAS) 8 «Айқындау мәні»

Түзетулер базалық анықтаманы өзгертпей, «мәнділік» ұғымын түсінуді жеңілдетуге арналған. Маңызды ақпаратты "бүркемелеу" концепциясы оны елеулі емес ақпаратпен бірге ұсыну жолымен жаңартылған анықтаудың бір бөлігі ретінде енгізілді. Маңызды ақпаратты "бүркемелеу" концепциясы оны елеулі емес ақпаратпен бірге ұсыну жолымен жаңартылған анықтаудың бір бөлігі ретінде енгізілді. Пайдаланушылар үшін ақпараттың "маңыздылық" шегі «әсер етуі мүмкін» - не «әсер етеді деп» негізді күтуге болады.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

8 ХҚЕС (IAS) ұсынылған елеулі анықтау 1 ХҚЕС (IAS) сілтемесімен ауыстырылды. ХҚЕС жөніндегі кеңес оның дәйекті қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында мәнділігін анықтауға сілтемелері бар немесе осы терминді пайдаланатын өзге стандарттарға және тұжырымдамалық негіздерге түзетулер енгізді.

Түзетулер 2020 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және осы күннен кейін перспективті қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат беріледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(p) ХҚЕС стандарттарындағы тұжырымдамалық негіздердің сілтемелеріне түзетулер

Тұжырымдамалық негіз 2018 жылғы 29 наурызда жарияланған соң күшіне енді, ХХҚЕС сондай-ақ ХҚЕС стандарттарындағы тұжырымдамалық негіз сілтемелеріне түзетулер шығарды. Құжат 2 ХҚЕС (IFRS) ХҚЕС (IFRS) 2, ХҚЕС (IFRS) 3, ХҚЕС (IFRS) 6, ХҚЕС (IFRS) 14, ХҚЕС (IAS) 1, ХҚЕС (IAS) 8, ХҚЕС (IAS) 34, ХҚЕС (IAS) 37, ХҚЕС (IAS) 38, КМРФО (IFRIC) 12, КМРФО (IFRIC) 19, КМРФО (IFRIC) 20, КМРФО (IFRIC) 22 және ПКР (SIC) 32 түзетулерінен тұрады.

Алайда, барлық түзетулер сілтемелер мен дәйексөзге қатысты ережелерді қайта қаралған тұжырымдамалық негізге сілтеме жасайтындай етіп жаңартпайды. Кейбір ережелер тұжырымдаманың қай нұсқасына сілтеме жасайтынын көрсету немесе стандарттағы анықтамалар қайта қаралған тұжырымдамалық негізде ((2001 жылы қабылданған ХҚЕСК принциптері, 2010 жылы ХҚЕСК тұжырымдамасы немесе 2018 жылы жаңа қайта қаралған тұжырымдама) әзірленген жаңа анықтамалармен жаңартылмағанын көрсету үшін ғана жаңартылады.

Іс жүзінде жаңартулар болып табылатын түзетулер 2020 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Басшылық жоғарыда көрсетілген стандарттарды қолдану Банктің қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтпейді.

4. ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

	2019 ж.	2018 ж.
Пайыздық кірістер		
Ақша қаражаты және оның баламалары	1,336,276	1,205,472
Клиенттерге берілген кредиттер	1,306,313	1,203,871
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	453,721	344,329
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен есепке алынатын қаржы активтері	61,739	61,954
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	5,802
	3,158,049	2,821,428
Пайыздық шығыстар		
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	(869,157)	(735,197)
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар бойынша сыйақы	(498,604)	(493,640)
Жалдау бойынша міндеттеме	(41,415)	-
Банктердегі шоттар мен депозиттер	(737)	(464)
«РЕПО» мәмілелері бойынша міндеттемелер	(212)	(112)
	(1,410,125)	(1,229,413)
	1,747,924	1,592,015

5. КОМИССИЯЛЫҚ КІРІСТЕР

	2019 ж.	2018 ж.
Аудару операциялары	67,144	53,553

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

Кепілдіктер мен аккредитивтер	21,934	12,330
Кассалық операциялар	20,521	12,268
Басқа	6,698	5,176
	116,297	83,327

6. КОМИССИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

	2019 ж.	2018 ж.
Алынған кепілдіктер	31,127	29,388
Аудару операциялары	28,187	21,522
Басқа	20,170	18,613
	79,484	69,523

7. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ЖАСАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛАРДАН ТҮСКЕН ТАЗА ПАЙДА

	2019 ж.	2018 ж.
Дилингтік операциялар, нетто	231,028	242,333
Бағамдық айырмалар, нетто	7,806	18,315
	238,834	260,648

8. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫСТАР

	2019 ж.	2018 ж.
Қызметкерлердің сыйақылары	693,402	602,059
Салықтар және еңбекақыдан аударылатын төлемдер	64,907	57,301
	758,309	659,360

9. КҮТІЛЕТІН КРЕДИТТІК ШЫҒЫНДАРҒА АРНАЛҒАН РЕЗЕРВТЕР

	Ақша қаражаты және оның баламалары	Банктерд егі шоттар және депозиттер	Клиенттерге берілген кредиттер	Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құныммен ескерілетін қаржы активтері	Басқа да активтер	Жиыны
2018 жылғы 1 қаңтарға							
Резервтерді қалыптастыру	6,464	1	406,966	1,349	656	21,768	437,204
Резервтерді қалпына келтіру	28,193	55	264,982	2,497	1,101	4,196	301,024
Есептен шығару	(33,033)	(23)	(324,411)	(2,402)	(1,164)	(3,595)	(364,628)
Бағамдық айырма	-	-	(94,773)	-	-	(9,244)	(104,017)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	50	8	2,278	-	-	-	2,336
	1,674	41	255,042	1,444	593	13,125	271,919
Резервтерді қалыптастыру	9,126	-	130,807	2,003	296	-	142,232
Резервтерді қалпына келтіру	(9,581)	(2)	(255,367)	(2,470)	(331)	(11,529)	(279,280)
Есептен шығару	-	-	(21,940)	-	-	-	(21,940)
Бағамдық айырма	-	-	98	-	-	-	98
2019 жылғы 31 желтоқсанға	1,219	39	108,640	977	558	1,596	113,029

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Банк жеке қарыз алушылардың қарыздарының бір бөлігін сот шешімдеріне сәйкес өтеуге жатпайтын бөлігінде 21,940 мың теңге (2018 жылы - 94,773 мың теңге) сомаға есептен шығарды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

провизияларды шегергенге дейін осындай қарыздар бойынша талаптардың қалдығы 19,624 мың теңгені құрайды (2018 жылғы 31 желтоқсанда – 186,738 теңге).

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

9. КҮТІЛЕТІН КРЕДИТТІК ШЫҒЫНДАРҒА АРНАЛҒАН РЕЗЕРВТЕР (жалғасы)

Клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік шығындармен жинақталған резервтердегі қозғалыс төменде берілген:

	2019 ж.				2018 ж.			
	1-саты	2-саты	3-саты	Жиыны	1-саты	2-саты	3-саты	Жиыны
Клиенттерге берілген кредиттер								
1 қаңтардағы жағдай бойынша								
теңгерім	7,394	8	247,640	255,042	2,199	(141)	404,908	406,966
1 сатыға өту	1	(1)	-	-	5	(4)	(1)	-
2 сатыға өту	(457)	462	(5)	-	-	8	(8)	-
3 сатыға өту	(9)	-	9	-	(324)	-	324	-
Провизиялардың таза өзгеруі	(396)	(7)	(176,951)	(177,354)	(2,776)	141	(157,651)	(160,286)
Жаңа қаржы активтерін сатып алу	20,573	-	10,281	30,854	6,084	-	-	6,084
Бағам айрмасы	-	-	98	98	2,206	4	68	2,278
31 желтоқсандағы жағдай бойынша								
теңгерім	27,106	462	81,072	108,640	7,394	8	247,640	255,042

Қаржы активтері бойынша 2019 жылғы күтілетін кредиттік шығындармен жинақталған резервтердегі қозғалыс төменде берілген:

	Амортизациялан ған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтері	Ақша қаражаты және оның баламалары		Басқа активтер	Кредит сипатындағы шартты міндеттемелер
	1-саты	1-саты	1-саты	2-саты	3-саты	Жиыны
2019 жыл						
1 қаңтардағы жағдай бойынша						
теңгерім	1,444	593	1,674	-	13,125	1,567
1 сатыға өту	-	-	-	-	-	-
2 сатыға өту	-	-	-	-	-	-
3 сатыға өту	-	-	-	-	-	-
Провизиялардың таза өзгеруі	(1,217)	(35)	(1,071)	-	(11,529)	(168)
Жаңа қаржы активтерін сатып алу	750	-	616	-	-	185
Бағам айрмасы	-	-	-	-	-	-
31 желтоқсандағы жағдай бойынша						
теңгерім	977	558	1,219	-	1,596	1,584

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

9. КҮТІЛЕТІН КРЕДИТТІК ШЫҒЫНДАРҒА АРНАЛҒАН РЕЗЕРВТЕР (жалғасы)

Қаржы активтері бойынша 2018 жылғы күтілетін кредиттік шығындармен жинақталған резервтердегі қозғалыс төменде берілген:

	<i>Амортизациялан ған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері</i>	<i>Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтері</i>	<i>Ақша қаражаты және оның баламалары</i>		<i>Басқа активтер</i>	<i>Кредит сипатындағы шартты міндеттемелер</i>
	<i>1-саты</i>	<i>1-саты</i>	<i>1-саты</i>	<i>2-саты</i>	<i>3-саты</i>	<i>Жиыны</i>
2018 жыл						
1 қаңтардағы жағдай бойынша теңгерім	1,349	656	4,992	1,472	21,768	364
1 сатыға өту	-	-	-	-	-	-
2 сатыға өту	-	-	(3,178)	3,178	-	-
3 сатыға өту	-	-	-	-	-	-
Провизиялардың таза өзгеруі	(601)	(63)	(687)	(4,650)	(10,239)	(321)
Жаңа қаржы активтерін сатып алу	696	-	497	-	1,596	1,524
Бағам айрмасы	-	-	50	-	-	-
31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңгерім	1,444	593	1,674	-	13,125	1,567

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

10. БАСҚА ЖАЛПЫШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

	2019 ж.	2018 ж.
Тозу және амортизация	102,203	48,547
Бағдарламалық жасақтаманы сүйемелдеу	55,783	57,059
Байланыс қызметтері және ақпараттық қызметтер	47,187	42,993
Салықтар, алымдар және басқа да міндетті төлемдер	42,806	38,620
Кәсіби қызметтер	28,483	54,109
Пайдалану шығыстары	19,830	18,915
Сақтандыру шығыстары	16,455	15,106
Қауіпсіздік	16,281	13,982
Процессингтік қызметтер	16,271	15,896
Негізгі құралдарды есептен шығару	12,737	1,863
Жарнама және маркетинг	10,978	8,261
Мүшелік жарналар	9,571	9,698
Өкілдік шығыстар	9,133	9,351
Кеңселік керек-жарақтар	6,477	4,814
Көлік шығыстары	5,906	6,095
Иссапар шығыстары	5,132	4,591
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	4,997	2,606
Операциялық жалдау бойынша шығыстар	1,338	76,876
Басқа	28,289	29,835
	439,857	459,217

11. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Банк ағымдағы кезең үшін салық бойынша есептеулерді Қазақстан Республикасының салық заңнамасы талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын салықтық есеп деректерінің негізінде жасайды. 2019 және 2018 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі табыс салығы бойынша шығыстар төменде көрсетілген.

	2019 ж.	2018 ж.
Табыс салығы бойынша шығыстар		
Есепті кезең	(104,438)	(87,226)
Өткен кезеңді түзету	8,945	3,323
Уақытша айырмалардың пайда болуы және қалпына келтіру нәтижесінде кейінге қалдырылған салықтардың өзгеруі	11,307	21,102
Табыс салығы бойынша шығыстардың жиыны	(84,186)	(62,801)

Қазақстан Республикасында пайдаға салынатын салық мөлшерлемесі 2019 және 2018 жылдары 20% деңгейінде белгіленді. Мемлекеттік бағалы қағаздар мен басқа да бағалы қағаздар бойынша кірістерге пайда салығы салынбайды.

Белгілі бір шығыстар түрлері салық салу кезінде есепке алынбайтындықтан, сондай-ақ салық салынатын кірістің болу себебінен Банктің белгілі бір тұрақты салық айырмалары пайда болады.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

11. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлемелерінің есебі:

	2019 ж.	2018 ж.
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда	917,837	837,920
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	183,567	167,584
Бағалы қағаздармен жасалған операциядан түскен салық салынбайтын табыс	(103,092)	(81,256)
Басқа есептелмейтін шығыстар (кірістер)	3,711	(23,527)
	84,186	62,801
Табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлеме	9.2%	7.5%

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері

Активтер мен міндеттемелердің қаржылық есептілікте көрсетілген құны мен салық салынатын базаны есептеу үшін қолданылатын сомалардың арасындағы уақыт айырмалары 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің пайда болуына алып келеді.

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардың ішіндегі уақыт айырмалары шамаларының өзгеруі төмендегідей көрсетілуі мүмкін:

2019 жыл	2019 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	Пайда немесе залалдың құрамында көрсетілген	Капитал құрамында көрсетілген	2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық
Негізгі құралдар және МЕА	3,636	4,410	(57,205)	(49,159)
Басқа міндеттемелер	11,877	6,897	68,569	87,343
	15,513	11,307	11,364	38,184

2018 жыл	2018 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	Пайда немесе залалдың құрамында көрсетілген	Капитал құрамында көрсетілген	2018 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық
Клиенттерге берілген кредиттер	(53,640)	24,452	29,188	-
Негізгі құралдар және МЕА	(768)	4,404	-	3,636
Басқа міндеттемелер	19,631	(7,754)	-	11,877
	(34,777)	21,102	29,188	15,513

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

12. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	31.12.2019	31.12.2018
Кассадағы ақша қаражаттары	670,725	671,860
ҚРҰБ-гі «Ностро» шоттары	8,103,799	6,384,219
Басқа банктердегі «Ностро» шоттары		
- <i>кредиттік рейтингісі А- бастап А+ дейін</i>	2,329,948	1,598,012
- <i>кредиттік рейтингісі ВВ- б астам ВВ+ дейін</i>	33,315	52,677
- <i>кредиттік рейтингісі жоқ</i>	69,131	60,633
Басқа банктердегі барлық «Ностро» шоттары	2,432,394	1,711,322
Ақша қаражатының баламалары		
ҚРҰБ жедел депозиттер	20,217,008	16,116,798
Күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв	(1,219)	(1,674)
Ақша қаражаты және оның баламаларының жиыны	31,422,707	24,882,525

Кредиттік рейтингілер «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктерінің ұқсас стандарттарына сәйкес көрсетілген.

Ақша қаражаты және оның баламалары мерзімі кешіктірілген болып табылмайды.

Минималды резервке қойылатын талаптар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ қаулысына сәйкес минималды резервтік талаптар Банктің жиырма сегіз күнтізбелік күннің ішіндегі әртүрлі міндеттемелер топтарының белгілі бір үлестері сомаларының орташа мәні ретінде есептеледі. Банктер бұл талаптарды орташа резервтік активтерді орташа минималды талаптарға тең немесе олардан асатын орташа резервтік активтерді (кассадағы ұлттық валютадағы қолма қол ақшалар және Ұлттық Банктің ұлттық валютадағы Банктің корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар түрінде) сақтау арқылы орындауға міндетті. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша минималды резерв сомасы 656,803 мың теңгені құрайды (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 768,332 мың теңге).

Ақша қаражаты мен оның баламаларының шоғырлануы

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің меншікті капиталының 10% астам бөлігіне ие екі банкі бар (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 2 банк). Аталған банктердің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдықтарының жиынтық көлемі 30,650,705 мың теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 24,099,029 мың теңгені) құрайды.

13. БАНКТЕРДЕГІ ШОТТАР МЕН ДЕПОЗИТТЕР

	31.12.2019	31.12.2018
Шектеулі пайдалану құқығы бар ақша қаражаты	72,692	72,998
Күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв	(39)	(41)
Банктердегі шоттар мен депозиттер жиыны	72,653	72,957

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банкте меншікті капиталының 10%-ынан асатын депозиттер болған жоқ.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

14. БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫМЕН ЕСЕПКЕ АЛЫНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

	31.12.2019	31.12.2018
Банктің меншігіндегі		
Борышқорлық қаржы құралдары:		
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигациялары	1,173,343	1,178,855
Қаржылық активтер жиыны	1,173,343	1,178,855

2019 және 2018 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы қаржы активтері мерзімі өткен болып табылмайды.

15. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР

	31.12.2019	31.12.2018
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер		
- Ірі кәсіпорындарға берілген кредиттер	3,000,695	468,649
- Шағын және орта кәсіпорындарға берілген кредиттер	6,715,767	6,404,937
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттердің жиыны	9,716,462	6,873,586
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер		
- Тұтынушылық кредиттер	5,348,407	3,378,735
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттердің жиыны	5,348,407	3,378,735
Құнсыздануға арналған резерв	(108,640)	(255,042)
Резервті шегергенде клиенттерге берілген барлық кредиттер	14,956,229	9,997,279

(a) Клиенттерге берілген кредиттердің сапасы

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген кредиттердің сапасы туралы ақпарат кестеде берілген.

	Құнсыздануға арналған резервті шегергенге дейінгі кредиттер	Құнсыздануға арналған резерв	Құнсыздануға арналған резервті шегергендегі кредиттер	Құнсыздану резервін шегергенге дейінгі кредиттер сомасына қатысты құнсызданудан болған шығын
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер				
- мерзімі өтпеген	9,375,131	(38,393)	9,336,738	0,00
- 90 күннен аз мерзімге кешіктірілген	264,162	-	264,162	0,00
- 90 күннен аса мерзімі кешіктірілген	77,169	(69,734)	7,435	0,90
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттердің жиыны	9,716,462	(108,127)	9,608,335	0,01
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер				
- мерзімі өтпеген	5,323,725	(483)	5,323,242	0,00
- 90 күннен аз мерзімге кешіктірілген	9,808	(30)	9,778	0,00
- 90 күннен аса мерзімі кешіктірілген	14,874	-	14,874	0,00
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттердің жиыны	5,348,407	(513)	5,347,894	0,00

15. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР (жалғасы)

(a) Клиенттерге берілген кредиттердің сапасы (жалғасы)

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген кредиттердің сапасы туралы ақпарат кестеде берілген.

	Құнсыздану ға арналған резервті шегергенге дейінгі кредиттер	Құнсыздану ға арналған резерв	Құнсыздану ға арналған резервті шегергендегі кредиттер	Құнсыздану резервін шегергенге дейінгі кредиттер сомасына қатысты құнсызданудан болған шығын
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер				
- мерзімі өтпеген	6,559,803	(22,304)	6,537,499	0,00
- 90 күннен аз мерзімге кешіктірілген	11,309	-	11,309	0,00
- 90 күннен аса мерзімі кешіктірілген	302,474	(231,976)	70,498	0,77
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттердің жиыны	6,873,586	(254,280)	6,619,306	0,04
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер				
- мерзімі өтпеген	3,324,535	(557)	3,323,978	0,00
- 90 күннен аз мерзімге кешіктірілген	16,676	(64)	16,612	0,00
- 90 күннен аса мерзімі кешіктірілген	37,524	(141)	37,383	0,00
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттердің жиыны	3,378,735	(762)	3,377,973	0,00

2019 жылы құнсыздану резервінің сомасы 80,899 мың теңге мөлшерінде жеке негізде бағаланатын кредиттер бойынша провизияларды құруды (2018 жылғы 31 желтоқсан: 247,197 мың теңге), 27,741 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсан: 7,845 мың теңге) сомасында ұжымдық құнсыздану резервін құруды қамтиды.

Жоғарыда келтірілген бағалардың өзгеруі кредиттердің құнсыздануына қатысты резервке әсер етуі мүмкін. Мысалы, болжамдалатын ақша қаражаты ағымының ағымдағы сәттегі құнының таза келтірілген мөлшері плюс/минус бір пайызға өзгерген жағдайда, клиенттерге берілген, кредиттердің құнсыздануына қатысты резервтің мөлшері 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 149,562 мың теңгеге (2018 жылдың 31 желтоқсаны: 99,973 мың теңге) төмен/жоғары болушы еді.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік портфельдің құрамында талаптары өзгертілген және басқа жағдайда кешіктірілуі немесе құнсыздануы мүмкін болған, корпоративтік және бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер 1,299,077 мың теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 1,500,112 мың теңгені) құрайды.

(б) Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау

Берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік шығындардың есебі макроэкономикалық параметрлердің өзгеруінің болжамды ақша ағындарына, ұжымдық қарыздардың көшіп-қонуына және кепілмен қамтамасыз етуіне ықтимал бағалау әсерін ескереді.

Кредиттік шығындардың деңгейін өлшеу кезінде банк әртүрлі экономикалық факторлардың болашақ қозғалысына және осы факторлардың бір-біріне қалай әсер ететініне қатысты болжамдарға негізделген болжамды ақпаратты пайдаланады.

15. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР (жалғасы)

(б) Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау (жалғасы)

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін пайдаланылатын негізгі бастапқы деректер мыналарды қамтиды:

- Дефолт ықтималдығы (PD) кредиттік шығындар деңгейін өлшеуде негізгі табыс сигналы болып табылады. Дефолт ықтималдығы - бұл тарихи деректерді, болжамдарды және болашақ жағдайларды күтуді қамтитын берілген уақытша горизонт бағасы.

Корпоративтік, шағын және орта бизнестің жеке заемдары бойынша дефолт ықтималдығы қарыз алушының сандық және сапалық сипаттамалары негізінде ішкі рейтингтік модельдің көмегімен бағаланады. Ұжымдық негізде бағаланатын берілген кредиттер бойынша дефолт ықтималдығын есептеу көші-қон матрицаларын қолдану арқылы тарихи деректер негізінде жүзеге асырылады.

- Дефолт болған жағдайдағы залалдың шамасы (LGD) дефолт болған жағдайда ықтимал залалдың шамасы болып табылады. Ол келісімшарт тиесілі және кредитор қамтамасыз етуден ақша ағындарын ескере отырып, алуды күткен ақша ағындарының арасындағы айырмашылыққа негізделген.

Ұжымдық негізде бағаланатын берілген кредиттер бойынша LGD есебі кепілдік қамтамасыз етуді іске асыру мерзімдеріне сәйкес келетін дисконттау мерзімдерін қолдана отырып, кепілдікті қамтамасыз етуді іске асырған жағдайда міндеттемелердің қайтарымдылығын бағалау негізінде жүзеге асырылады.

- Дефолт тәуекеліне ұшыраған кредиттік талаптың шамасы (EAD) борыш пен пайыздардың негізгі сомасын, сондай-ақ мақұлданған кредиттік қаражаттың күтілетін іріктеуін қоса алғанда, есепті күннен кейінгі тәуекелдің күтілетін өзгерістерін ескере отырып, болашақта дефолт күніне тәуекелді бағалауын білдіреді. Банктің осы көрсеткішті үлгілеуге көзқарасы амортизацияның бейіндері, мерзімінен бұрын өтеу немесе артық төлеу, кредиттік міндеттемелер бойынша таңдалмаған сомаларды пайдаланудағы өзгерістер және дефолт басталғанға дейін тәуекелдерді жеңілдету үшін қабылданған шаралар сияқты ағымдағы шарт талаптарымен рұқсат етілген өтеу мерзімі ішінде өтелмеген соманың күтілетін өзгерістерін ескереді. Дефолт тәуекеліне ұшыраған кредиттік талаптарды бағалау үшін банк тиісті портфельдердің сипаттамасын көрсететін модельдерді пайдаланады.

Қаржылық есептілікте берілген кредиттер үшін ККШ бойынша резервтер қолданыстағы экономикалық және саяси жағдайлар негізінде айқындалды. Банк Қазақстан Республикасында талаптарда қандай өзгерістер болатынын және осы өзгерістер болашақта қаржы активтерін ККШ бойынша резервтің барабарлығына қандай әсер болатынын болжай алмайды.

(в) Қамтамасыз етуді және несие қабілеттілігін күшейтудің басқа құралдарын талдау

(і) Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер

Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер жеке негізде бағалануға және олардың құнсыздануы сыналуға тиіс. Корпоративтік клиенттің жалпы несие қабілеттілігі әдетте оған берілген кредиттің сапасының ең маңызды индикаторы болады. Дегенмен, қамтамасыз ету бұл қосымша кепілдіктер болып табылады және Банк әдетте корпоративтік қарыз алушылардан оны ұсынуын сұрайды.

Төмендегі кестелерде корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер бойынша қамтамасыз ету және несие қабілеттілікті күшейтудің басқа да құралдары туралы қамтамасыз ету түрлері бойынша ақпарат келтірілген.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

15. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР (жалғасы)

(в) Қамтамасыз етуді және несие қабілеттілігін күшейтудің басқа құралдарын талдау (жалғасы)

(і) Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер (жалғасы)

	Клиенттерге берілген кредиттердің теңгерімдік құны	Есеп беретін күнгі жағдай бойынша бағаланған—қамтамасыз етудің әділ құны	Кредит берілген күнгі жағдай бойынша бағаланған—қамтамасыз етудің әділ құны	Қамтамасыз етудің әділ құны айқындалмаған
2019 жылғы 31 желтоқсан				
<i>Жеке құнсыздану белгілері жоқ кредиттер</i>				
Корпоративтік кепілдіктер (байланысты тарап ұсынған, А-кредиттік рейтингісіне ие)	1,014,095	-	-	1,014,095
Басқа кепілдіктер (компания ұсынған, А-кредиттік рейтингісіне ие)	2,001,109	-	-	2,001,109
Жылжымайтын мүлік	3,503,604	3,503,604	-	-
Басқа қамтамасыз ету	1,410,263	-	1,410,263	-
	7,929,071	3,503,604	1,410,263	3,015,204
<i>Жеке құнсыздану белгілері бар кредиттер</i>				
Корпоративтік кепілдіктер (бас банк ұсынған, А - бастап А+дейін кредиттік рейтингісіне ие)	343,359	-	-	343,359
Жылжымайтын мүлік	1,335,905	1,335,905	-	-
	1,679,264	1,335,905	-	343,359
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер жиыны	9,608,335	4,839,509	1,410,263	3,358,563
	Клиенттерге берілген кредиттердің теңгерімдік құны	Есеп беретін күнгі жағдай бойынша бағаланған—қамтамасыз етудің әділ құны	Кредит берілген күнгі жағдай бойынша бағаланған—қамтамасыз етудің әділ құны	Қамтамасыз етудің әділ құны айқындалмаған
2018 жылғы 31 желтоқсан				
<i>Жеке құнсыздану белгілері жоқ кредиттер</i>				
Корпоративтік кепілдіктер (байланысты тарап ұсынған, А-кредиттік рейтингісіне ие)	1,006,065			1,006,065
Жылжымайтын мүлік	1,685,031	1,685,031	-	-
Басқа қамтамасыз ету	2,619,110	-	2,619,110	-
	5,310,206	1,685,031	2,619,110	1,006,065
<i>Жеке құнсыздану белгілері бар кредиттер</i>				
Корпоративтік кепілдіктер (бас банк ұсынған, А+ кредиттік рейтингісіне ие)	230,689			230,689
Жылжымайтын мүлік	86,538	86,538	-	-
Басқа қамтамасыз ету	991,873		991,873	-
	1,309,100	86,538	991,873	230,689
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер жиыны	6,619,306	1,771,569	3,610,983	1,236,754

15. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР (жалғасы)

(в) Қамтамасыз етуді және несие қабілеттілігін күшейтудің басқа құралдарын талдау (жалғасы)

Жоғарыда келтірілген кестелерде артық құнсызданудың құны көрсетілмеген.

Корпоративтік клиенттерге берілген мерзімі кешіктірілмеген және құнсызданбаған кредиттерді өндіріп алу мүмкіндігі негізінен қамтамасыз ету құнынан гөрі қарыз алушының несие қабілеттілігіне байланысты болғандықтан, Банк әрбір есеп беретін күнгі жағдай бойынша қамтамасыз етудің құнын әрдайым бағаламайды.

Кредиттердің басым бөлігінде қамтамасыз етудің әділ құны есеп беретін күнгі жағдай бойынша анықталды. Қамтамасыз етудің құны туралы ақпарат бағалау жүргізілген болса, оның қай күні бағаланғанына байланысты көрсетілген.

Бірнеше құнсыздану түрлері бар кредиттер бойынша ақпарат қамтамасыз етуді бағалау үшін маңыздырақ болып табылатын қамтамасыз ету түрі бойынша ашылады.

(ii) Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер

Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер, негізінен, тұрғын жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген. Банктің саясаты бойынша кредит сомасы мен кредит берілген күнгі кепіл құнының арасындағы арақатынас кемінде 60% құрау керек.

Төмендегі кестелерде бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттердің қамтамасыз етуі туралы ақпарат келтірілген:

	Клиенттерге берілген кредиттердің теңгерімдік құны	Есеп беретін күнгі жағдай бойынша бағаланған қамтамасыз ету үшін – қамтамасыз етудің әділ құны	Кредит берілген күнгі жағдай бойынша бағаланған – қамтамасыз етудің әділ құны	Қамтамасыз етудің әділ құны айқындалмаған
2019 жылғы 31 желтоқсан				
<i>Мерзімі кешіктірілмеген</i>	5,323,242	5,323,242	-	-
<i>Мерзімі кешіктірілген</i>	24,652	24,652	-	-
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер жиыны	5,347,894	5,347,894	-	-
2018 жылғы 31 желтоқсан				
<i>Мерзімі кешіктірілмеген</i>	3,323,978	3,323,978	-	-
<i>Мерзімі кешіктірілген</i>	53,995	53,995	-	-
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер жиыны	3,377,973	3,377,973	-	-

Жоғарыда келтірілген кестелерде артық құнсызданудың құны көрсетілмеген.

(г) Кредиттерді өтеу мерзімдері

Кредиттік портфельді құрайтын кредиттерді өтеу мерзімдері есеп беретін күнгі жағдай бойынша 25 (г) ескертпеде көрсетілген және есеп беретін күннен бастап кредиттік шарттар бойынша өтеу күндеріне дейінгі уақыт кезеңдерін білдіреді. Банктің беретін кредиттерінің қысқа мерзімділігін ескерсек, көрсетілген кредиттердің басым бөлігінің мерзімдері ұзартылуы мүмкін. Сәйкесінше, нақты кредиттерді өтеу мерзімдері кредиттік шарттарда қарастырылған өтеу мерзімдерінен айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

15. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР (жалғасы)**(д) Қамтамасыз етуді және несие қабілеттілігін күшейтудің басқа құралдарын талдау (жалғасы)**

Кредиттер негізінен қызметін Қазақстан Республикасының аумағында төмендегі экономика салаларында жүргізетін клиенттерге берілді:

	31.12.2019	31.12.2018
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер	5,347,894	3,377,973
Қаржы	4,111,652	1,478,510
Саудалық	2,119,123	1,485,003
Жылжымайтын мүлік	1,289,643	1,655,181
Ақпарат және коммуникация (компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндіру)	553,264	499,926
Қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі	343,359	230,689
Құрылыс	268,261	178,172
Жалдау, жалға беру және лизинг	194,742	198,408
Көлік	139,531	70,386
Жеке қызмет көрсету	129,610	164,483
Электр жабдықтарын өндіру	111,630	151,574
Басқа кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	79,407	-
Жарнама қызметі	54,659	162,814
Жазылған материалдарды басып шығару және ойнату	47,778	10,801
Мамандандырылған құрылыс жұмыстары	36,319	-
Ветеринарлық қызмет	-	28,353
Басқа	129,357	305,006
	14,956,229	9,997,279

(е) Клиенттерге берілген кредиттердің шоғырлануы

2019 ж. және 2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің кредиттері бойынша қалдықтары капиталдың 10% астам бөлігін құрайтын қарыз алушысы бар. Аталған қарыз алушылардың кредиттері бойынша 2019 ж. және 2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдықтарының жиынтық көлемі сәйкесінше 2,001,109 және 1,531,665 мың теңгені құрайды.

16. АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША ЕСЕПКЕ АЛЫНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

	31.12.2019	31.12.2018
Банктің меншігіндегі		
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің		
Қазынашылық вексельдері	1,003,189	2,161,517
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары	3,905,169	2,617,965
Күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв	(977)	(1,444)
	4,907,381	4,778,038

Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялардың жалпы сомасы теңгеде және кредиттік рейтингісі «BBB-» болып табылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдерімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталарымен келтірілген.

Инвестициялық саясат және бизнес-моделі бойынша Банктің аталған бағалы қағаздарды өтеу мерзіміне дейін ұстап тұру ниеті мен мүмкіндігі бар. Шарттары бірдей ұқсас борышқорлық бағалы қағаздардың бағаларының ресми жарияланған белгіленімдері жергілікті қор биржасында қолжетімді болып табылады.

16. АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША ЕСЕПКЕ АЛЫНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ (жалғасы)

Қазынашылық операциялар бойынша қаржы активі бойынша күтілетін кредиттік шығындардың есебін банк контрагенттің/эмитенттің кредиттік сапасының есепті күнге ағымдағы бағаларынан ғана емес, сонымен қатар болашақта контрагенттің (эмитенттің) жұмыс істеу ортасының қолайсыз макроэкономикалық факторларының әсері салдарынан қаржылық жай-күйінің нашарлауы мүмкіндігін ескере отырып жүзеге асырады. Атап айтқанда, қазынашылық операциялар бойынша провизиялар деңгейіне дефолт (PD) ықтималдығына әсер ететін халықаралық рейтингтік агенттіктер берген рейтинг (оң, тұрақты, теріс) бойынша болжам әсер етеді.

Қазынашылық операциялар бойынша дефолт ықтималдығы дефолт ықтималдығының мәндерімен кестелік деректер жарияланатын халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P, Fitch, Moody's) дефолт зерттеулерінің деректеріне (Default Study) сәйкес анықталады. Дефолт ықтималдығы өзекті күйде сақталады және дефолттар статистикасының жаңартылуына қарай мерзімді негізде жаңартылады.

Қазынашылық операциялар бойынша дефолт (LGD) кезіндегі шығын деңгейі халықаралық рейтингтік агенттіктерден (S&P, Fitch, Moody ' s) дефолттарды зерттеу деректеріне сәйкес анықталады және қаржы активі бойынша борыш түріне байланысты: аға қамтамасыз етілген/қамтамасыз етілмеген, реттелген, тәуелсіз. Сондай-ақ LGD актив бойынша қамтамасыз ету көзделген жағдайда, сондай-ақ егер қаржы активі бойынша құнсыздану белгілері (2-кезең немесе 3-кезең) болған жағдайда түзетілуі мүмкін.

17. САТУҒА АРНАЛҒАН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

2019 жылғы 31 желтоқсанда сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің баланстық құны 645,014 мың теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанда – 494,529 мың теңге). Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер, банк клиенттерге берілген кредиттер бойынша берешекті өтеу есебіне қабылдаған активтермен берілген. Банк алдағы 12 айда активтерді сату жоспарланып отырған іске асыру жоспарын әзірледі. Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер аукцион өткізу кезінде анықталған сатып алу құны бойынша көрсетілді.

18. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Банк офисті жалдау шартының негізінде мерзімінен бұрын тоқтату құқығынсыз жалға алады. Жалға алу мерзімі ұзарту мүмкіндігімен 60 айды құрайды. Бұдан басқа, банк жалдау келісім-шарты негізінде көлік құралдарын жалға алады, қалған қолданылу мерзімі 3 жылдан астам. Шартты жалдау ақысы туралы ережелер жалдау келісім-шартына кірмейді. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде банктің пайдалану құқығы нысанындағы активтер түсімі 322,822 мың теңгені құрады. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған, пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте амортизация құрамына енгізілген жыл үшін пайдалану құқығы нысанындағы активтердің амортизациясы 41,412 теңгені құрады. Жалдау бойынша міндеттемелерді есептеу кезінде 12.00% дисконттау мөлшерлемесімен рұқсат етілген.

Өтеу мерзімдері арқылы жасалған ұзақ мерзімді жалдау келісім-шарты бойынша төлеуге болашақ дисконтталмаған жалдау төлемдері былайша берілген:

	31.12.2019	31.12.2018
12 айға дейін	85,112	70,317
1-5 жылға дейін	326,582	281,268
Жиыны	411,694	351,585

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

18. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР (жалғасы)

	Компьютерлер	Көлік құралдары	Басқа	Материалдық емес активтер	Жалға алынған меншікті абаттандыру	Жиыны	Компьютерлер
Нақты шығындар							
2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	81,664	12,586	61,363	86,779	147,544	-	389,936
Түсімдер	9,866	-	2,056	6,593	-	-	18,515
Істен шығуы	-	(12,586)	(1,306)	-	-	-	(13,892)
2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	91,530	-	62,113	93,372	147,544	-	394,559
Тозу және амортизация							
2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	(39,343)	(10,805)	(37,665)	(30,395)	(30,050)	-	(148,258)
Жыл ішінде есептелген тозу және амортизация	(8,512)	(187)	(4,355)	(7,575)	(29,508)	-	(50,137)
Істен шығуы	-	10,992	1,036	-	-	-	12,028
2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	(47,855)	-	(40,984)	(37,970)	(59,558)	-	(186,367)
2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңгерімдік құны	43,675	-	21,129	55,402	87,986	-	208,192
Нақты шығындар							
2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	91,530	-	62,113	93,372	147,544	-	394,559
Түсімдер	4,041	-	4,471	6,906	-	322,882	338,300
Істен шығуы	(8,094)	-	(5,810)	(29,152)	-	-	(43,056)
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	87,477	-	60,774	71,126	147,544	322,882	689,803
Тозу және амортизация							
2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	(47,855)	-	(40,984)	(37,970)	(59,558)	-	(186,367)
Жыл ішінде есептелген тозу және амортизация	(9,391)	-	(4,980)	(17,367)	(29,510)	(41,412)	(102,660)
Істен шығуы	8,094	-	5,810	29,152	-	-	43,056
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	(49,152)	-	(40,154)	(26,185)	(89,068)	(41,412)	(245,971)
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңгерімдік құны	38,325	-	20,620	44,941	58,476	281,470	443,832

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

19. БАСҚА АКТИВТЕР

	31.12.2019	31.12.2018
Карта шоттары бойынша есеп айырысулар	2,805	59,552
Есептелген айыппұл мен өсімпұл	2,493	6,046
Спот операциялары бойынша талаптар	-	115,260
Басқа активтер	11,294	40,804
Күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв	(1,596)	(13,125)
Басқа қаржы активтер жиыны	14,996	208,537
Бюджетке басқа төлемдер бойынша алдын ала төлемдер	76,772	10,439
Кепілдік жарна	23,863	23,863
Жалдау үшін алдын ала төлем	21,805	21,965
Болашақ кезеңдердің шығындары	9,113	8,788
Басқа да алдын ала төлемдер	2,675	4,593
Қызметкерлердің дебиторлық берешегі	2,038	650
Аукционға қатысу үшін төлем	-	47,948
Басқа активтер	13,715	12,702
Басқа қаржылық емес активтер жиыны	149,981	130,948
Басқа активтер жиыны	164,977	339,485

20. БАНКТЕРДЕГІ ШОТТАР МЕН ДЕПОЗИТТЕР

	31.12.2019	31.12.2018
«Востро» шоттары	198,342	344,960
Жедел депозиттер	-	1,153,067
	198,342	1,498,027

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сәйкесінше, Банктің меншікті капиталының 10%-нан асатын депозиттері болған жоқ.

21. КЛИЕНТТЕРДІҢ АҒЫМДАҒЫ ШОТТАРЫ МЕН ДЕПОЗИТТЕРІ

	31.12.2019	31.12.2018
Ағымдағы шоттар және талап еткенге дейінгі депозиттер		
- Бөлшек сауда клиенттері	1,514,772	1,245,260
- Корпоративтік клиенттер	7,875,477	5,127,516
	9,390,249	6,372,776
Жедел депозиттер		
- Бөлшек сауда клиенттері	3,117,809	1,940,018
- Корпоративтік клиенттер	20,378,607	11,722,280
	23,496,416	13,662,298
	32,886,665	20,035,074

Бұғатталған сомалар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк клиенттерінің 17,826 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 7,782 мың теңге) сомасына депозиттері клиенттерге берілген кредиттер бойынша міндеттемелердің қамтамасыз етуі және Банктің берген теңгерімнен тыс кредиттік құрал болып табылады.

21. КЛИЕНТТЕРДІҢ АҒЫМДАҒЫ ШОТТАРЫ МЕН ДЕПОЗИТТЕРІ (жалғасы)

Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің шоғырлануы

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің шоттары мен депозиттері капиталдың 10% астам бөлігін құрайтын жеті клиенті (2018 жылғы 31 желтоқсанда: төртеу) бар. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдықтардың жиынтық көлемі 24,138,634 мың теңгені (2017 жылғы 31 желтоқсанда: 11,604,084 мың теңгені) құрады.

22. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРЫЗДАРЫ

	31.12.2019	31.12.2018
ЕКДБ берген қарыз	5,757,924	6,472,871
	5,757,924	6,472,871

2016 жылы Банк Еуропалық Қайта құру және Даму Банкімен 2 қарыз шартын жасасты:

- Өтеу мерзімі 2023 жылғы 25 қаңтарға дейін 15,000,000 АҚШ долларына баламалы сомаға теңгемен шағын және орта бизнесті қолдауға 2016 жылғы 28 маусымдағы № 47953 қарыз шарты;
- 2023 жылғы 25 қаңтарға дейін өтеу мерзімімен 5 000 000 АҚШ долларына баламалы сомаға теңгемен "Бизнестегі әйелдер" жобасын дамытуға 2016 жылғы 28 маусымдағы № 47954 қарыз шарты.

Әрбір қарыз шарты 2 траншпен беріледі. Қарыз шартының талаптарына сәйкес әрбір траншты екі бөліктен алу мүмкіндігі қарастырылған. Бірінші транш пен екінші транштың бірінші бөлігі 2017 жыл ішінде теңгемен, қалған бөлігі 2018 жылы алынды.

Қарыз бойынша пайыздық сыйақы қалқымалы мөлшерлемемен есептеледі және шарттың талаптарына сәйкес тоқсан сайын төленеді. Есеп беретін кезеңнің соңында сыйақы мөлшерлемесі 7,35% құрады.

Банк жоғарыда келтірілген ақшаны тарту шарттарының талаптарын орындау бойынша белгілі бір қаржы міндеттемелерін сақтауға міндетті. Бұл міндеттемелерге қаржылық нәтижелердің көрсеткіштері үшін қолданылатын келісілген коэффициенттер жатады. 2019 және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк бұл міндеттемелердің ешқайсысын бұзбаған.

Қаржылық қызмет себепші болған міндеттемелердің қозғалысы

Төмендегі кестеде қаржылық қызметтің нәтижесінде міндеттемелердің өзгерістері, оған қоса ақша ағындары себепші болған өзгерістер, сондай-ақ ақша ағындарымен байланысты емес өзгерістер көрсетілген. Қаржылық қызмет себепші болған міндеттемелер бұл ақша ағындары ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте болған ақша ағындары немесе болашақ ақша ағындары қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде жіктелетін ақша ағындары.

	31.12.2019	31.12.2018
Жыл басына қалдық	6,472,871	4,794,954
Ақша ағындары	(719,931)	1,632,600
Басқа өзгерістер	4,984	45,317
	5,757,924	6,472,871

* Басқа өзгерістерге пайыздық шығындар мен пайыздар бойынша төлемдер жатады.

23. БАСҚА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	31.12.2019	31.12.2018
Жалдау бойынша міндеттемелер	356,915	-
Жеткізушілердің кредиторлық берешегі	74,745	72,653
Банк операциялары бойынша кредиторлық берешек	55,425	25,432
Спот операциялары бойынша міндеттемелер	-	115,440
Басқа міндеттемелер	9,783	27,780
Басқа қаржылық міндеттемелер жиыны	496,868	241,305
Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер бойынша есептеулер	90,662	23,259
Қызметкерлерге кредиторлық берешек	50,233	44,600
Демалыстар бойынша резерв	29,430	23,104
Басқа транзиттік шоттар	5,211	148,912
Басқа міндеттемелер	1,665	3,445
Басқа қаржылық емес міндеттемелер жиыны	177,201	243,320
Басқа міндеттемелер жиыны	674,069	484,625

24. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

(а) Шығарылған және қосымша төленген капитал

Банктің шығаруға рұқсат етілген, шығарылған және айналымға салынған акционерлік капиталы 1,002,872 жай акциядан (2018 жылы: 1,002,872 жай акция) құралады. Барлық акциялардың номинал құны 10,000 теңгені құрайды.

Жай акциялардың иелері жарияланған сайын дивиденд алуға құқылы, сондай-ақ Банк акционерлерінің жылдық және жалпы жиналыстарында бір акцияға бір дауыс беру құқығына ие.

(б) Бір акциядан түсетін пайда

	31.12.2019	31.12.2018
Таза жыл ішіндегі пайда	833,651	775,119
Шығарылған жай акциялар саны	1,002,872	1,002,872
Бір акциядан түсетін пайда		
Бір акциядан түсетін базалық және бөлінбеген пайда, теңгемен	831.26	772.90

Банктің жай акциялары ашық нарыққа айналымға салынған, алайда Банк ХҚЕС (IAS) 33 «Бір акциядан түсетін пайда» талаптарына сәйкес есептелген бір акциядан түсетін таза пайданың мөлшері туралы ақпаратты ашу туралы шешім қабылдады.

(в) Резервті құру сипаты және мақсаты

Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерві

«Екінші деңгейдегі банктердің резервтік капиталының минималды мөлшерін белгілеу туралы» Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитетінің (бұдан әрі «ҚҚК») 2011 жылғы 31 қаңтардағы №196 Қаулысына (2013 жылы күші жойылған) енгізілген өзгерістерге сәйкес Банк резервтік капиталды бөлінбеген пайдадан соманы бөлуге жатпайтын резервтің құрамына ауыстыру арқылы құруға міндетті болған.

24. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ (жалғасы)

(в) Резервті құру сипаты және мақсаты

Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерві (жалғасы)

Жыл сайын аударылуға тиісті сома жай акцияларды ұстаушыларға тиесілі дивидендтерді бөлу жылының алдындағы жыл ішіндегі таза пайданы алдыңғы жылғы жіктелген активтер мен шартты міндеттемелердің ұлғаю коэффициентіне көбейту ретінде есептелді (2006 жылғы 25 желтоқсанда ҚКҚ шығарған «Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резерв) құру ережесін бекіту туралы» ҚКҚ №296 Қаулысына (2013 жылы күшін жойған) сәйкес). Мұндай ұлғаю пайыздық қатынаста 10% төмен емес және 100% жоғары емес болу керек еді.

«Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» №358 Қаулысына 2013 жылғы 25 желтоқсанда енгізілген түзетулерге сәйкес нормативті белгіленген резервтік капитал бөлінбеуге тиіс.

2019 жылғы және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Банк жалпы банктік тәуекелдер бойынша резервке ақша аударған жоқ.

(г) Сатуға арналған қолда бар /басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнымен есепке алынатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв

Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв тану тоқтатылған сәтке дейін әділ құнның жинақталған таза өзгерісін қамтиды.

(д) Дивидендтер

Банктің дивидендтерді жариялау және төлеу қабілеті Қазақстан Республикасы заңнама талаптарына сәйкес анықталады.

Жай акциялар бойынша дивидендтер олар есептелген кезеңдегі бөлінбеген пайданың бөлінуі ретінде көрсетіледі. 2019 және 2018 жылдардың ішінде дивидендтер жарияланған жоқ.

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқару банк қызметінің негізін құрайды және Банктің операциялық қызметінің елеулі элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі Банктің өз қызметін жүзеге асыру барысында тап болатын негізгі тәуекелдері болып табылады.

(а) Тәуекелдерді басқару саясаты және процедуралары

Банктің тәуекелдерді басқару саясаты Банктің шалдығатын тәуекелдерін анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін үздіксіз бағалауға көзделген. Тәуекелдерді басқару процедуралары мен саясаты нарықтық жағдайдың, ұсынылатын банктік қызметтер мен өнімдердің және туындайтын тиімді саясаттың өзгерістерін көрсету мақсатымен жүйелі түрде қайта қаралады.

Банктің Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің тиісінше жұмыс істеуі, негізгі тәуекелдердің басқарылуы және тәуекелдерді басқару саясаттары мен процедураларының мақұлданыуы, сонымен қатар ірі мәмілелердің мақұлданыуы үшін жауапкершілік көтереді.

Банк Басқармасы мониторинг пен тәуекелдерді төмендету бойынша шараларды енгізу үшін жауапты болады және, Банк өз қызметін тәуекелдердің белгілі бір шектерінде іске асыратынын қадағалап жүреді. Банк Басқармасы міндеттеріне тәуекелдерді жалпы басқару мен қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуына бақылау жүргізу, және де қаржы, сондай-ақ, қаржы емес тәуекелдері бойынша анықтау, бағалау, басқару және есептер құраудың жалпы ережелері мен әдістерін қолдануды бақылау кіреді.

Несие және нарық тәуекелдері және өтімділік тәуекелі несие комитеттері жүйесімен және активтер мен пассивтерді басқару комитетімен (АПБК) бақыланады.

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)

(a) Тәуекелдерді басқару саясаты және процедуралары (жалғасы)

Ішкі және сыртқы тәуекел факторлары ұйым шегінде айқындалады және басқарылады. Тәуекелдер факторларының барлығын айқындауға және тәуекелдерді төмендету бойынша ағымдағы процедуралардың жеткіліктілік деңгейін анытауға ерекше көңіл бөлінеді. Кредиттік және нарықтық тәуекелдерді стандартты талдаумен қатар Банк Басқармасы жекелеген бағыттар бойынша сараптамалық баға алу мақсатымен операциялық бөлімшелермен жүйелі түрде кездесулер өткізу арқылы қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерге мониторинг жүргізеді.

(б) Нарық тәуекелі

Нарық тәуекелі - нарық бағалары өзгеруінің салдарынан әділ құнның немесе болашақтағы ақша қаражаты ағындарының қаржы құралдары бойынша өзгеру тәуекелі. Нарық тәуекелі валюта тәуекелінен, сыйақы мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелінен және басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарық тәуекелі құбылмалы валюта бағамы мен пайыздық мөлшерлемені қатар қаржы құралдарының қолайсыз бағасына байланысты туындайды.

Нарық тәуекелін басқарудың міндеті қабылданған тәуекел үшін алынатын табыстылықтың оңтайлануын қамтамасыз ете отырып, нарық тәуекеліне шалдыққыштық жарамды параметрлердің шегінен тыс шықпауын басқару және бақылау болып табылады. Төраға басқаратын АПБК нарық тәуекелін және өтімділік тәуекелін басқару үшін жауапкершілік көтереді. Тәуекел-менеджмент бөлімінің ұсынымдарына негізделі отырып, АПБК нарық тәуекелі мен өтімділік тәуекелінің лимиттерін бекітеді.

Банк нарық тәуекелін жекелеген қаржы құралдары бойынша портфель мөлшеріне қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді, сыйақы мөлшерлерінің өзгеру мерзімдерін, валюталық позицияны, шығындар лимиттерін белгілеу және олардың сақталуына нәтижелерін Басқарма қарайтын және бекітетін ұдайы мониторинг жүргізу арқылы басқарады.

(i) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі – бұл нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру салдарынан, әділ құнның немесе болашақ ақша қаражаты ағындарының өзгеру тәуекелі. Банк сыйақының басым нарықтық тәуекелдерінің оның қаржылық жағдайы мен ақша қаражаттарының ағындарына әсеріне шалдыққыш болып табылады. Мұндай құбылыстар пайыздық маржа деңгейін жоғарылатуы мүмкін, алайда олар оны төмендетуі де, сыйақы мөлшерлемелері кенеттен өзгерген жағдайда шығындардың пайда болуына алып келуі де мүмкін.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне мониторинг жүргізу арқылы басқарылады. Негізгі пайыздық аржылық құралдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты 20119 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат төмендегідей көрсетілуі мүмкін:

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)**(б) Нарық тәуекелі (жалғасы)****(i) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі (жалғасы)****Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерін талдау**

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне мониторинг жүргізу арқылы басқарылады. Негізгі пайыздық қаржылық құралдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқаша ақпарат төмендегідей көрсетілуі мүмкін:

	1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан көп	Пайызсыз	Жиыны
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты және оның баламалары	20,216,392	-	-	-	-	11,206,315	31,422,707
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	-	-	-	-	72,653	72,653
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері	-	-	43,541	1,129,802	-	-	1,173,343
Клиенттерге берілген кредиттер	244,658	615,694	5,356,655	5,633,832	3,105,390	-	14,956,229
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	-	-	3,834,808	1,072,573	-	-	4,907,381
	20,461,050	615,694	9,235,004	7,836,207	3,105,390	11,278,968	52,532,313
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	-	-	-	-	198,342	198,342
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	18,953,288	1,618,790	3,607,497	-	-	8,707,090	32,886,665
Халықаралық қаржы институттары берген қарыздар	571,165	-	1,475,715	3,711,044	-	-	5,757,924
	19,524,453	1,618,790	5,083,212	3,711,044	-	8,905,432	38,842,931
	936,597	(1,003,096)	4,151,792	4,125,163	3,105,390	2,373,536	13,689,382

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)**(б) Нарық тәуекелі (жалғасы)****(i) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі (жалғасы)**

Негізгі пайыздық қаржылық құралдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқаша ақпарат төмендегідей көрсетілуі мүмкін:

	1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан көп	Пайызсыз	Жиыны
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты және оның баламалары	16,116,281	-	-	-	-	8,766,244	24,882,525
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-		-	-	-	72,957	72,957
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері	-	-	43,541	1,135,314	-	-	1,178,855
Клиенттерге берілген кредиттер	254,393	727,123	3,642,567	3,756,922	1,616,274	-	9,997,279
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	-	20,596	3,777,416	980,026	-	-	4,778,038
	16,370,674	747,719	7,463,524	5,872,262	1,616,274	8,839,201	40,909,654
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Банктердегі шоттар мен депозиттер	1,153,067	-	-	-	-	344,960	1,498,027
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	9,634,688	1,393,975	2,951,250	-	-	6,055,161	20,035,074
Халықаралық қаржы институттары берген қарыздар	95,935	-	714,106	5,662,830	-	-	6,472,871
	10,883,690	1,393,975	3,665,356	5,662,830	-	6,400,121	28,005,972
	5,486,984	(646,256)	3,798,168	209,432	1,616,274	2,439,080	12,903,682

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)

(б) Нарық тәуекелі (жалғасы)

(i) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі (жалғасы)

Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелері

Төмендегі кесте 2019 және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздық мөлшерлемелер мен міндеттемелер бойынша орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелерін көрсетеді.

	2019 ж.		2018 ж.	
	Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі, %		Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі, %	
	Теңге	АҚШ доллары	Теңге	АҚШ доллары
Пайыздық активтер				
Ақша қаражаты және оның баламалары	9.01	-	8.61	-
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен есепке алынатын қаржы активтері	5.46	-	5.73	-
Клиенттерге берілген кредиттер	12.62	3.38	13.54	5.22
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	6.97	-	7.72	-
Пайыздық міндеттемелер				
Банктердегі шоттар мен депозиттер				
- Жедел депозиттер	-	-	-	2.31
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері				
- Жедел депозиттер	6.22	0.08	5.84	0.54
Халықаралық қаржы ұйымдары берген қарыздар	7.90	-	8.31	-

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне сезімталдықты талдау

Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарастыру мерзімдерінің талдауына негізделген сыйақы мөлшерлемелерін өзгерту тәуекелін басқару қаржы активтері мен міндеттемелерінің сезімталдығының мониторингімен толықтырылады. Пайда немесе залал және капиталдың сыйақы мөлшерлемесін (сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарастыру тәуекелі) өзгертуге сезімталдығын талдауды (салықтарды шегерумен) табыстылық қисықтарының сыйақы мөлшерлемелерінің ұлғаюына немесе азаюына қарай 100 базистік тармаққа қатар жылжуының оңайлатылған сценарийі мен 2019 және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша қайта қарастырылған жайғасымдар негізінде құрылып, төмендегідей ұсынылуы мүмкін.

	2019 ж.		2018 ж.	
	Прибыль или убыток	Капитал	Прибыль или убыток	Капитал
Мөлшерлемелердің азаюына қарай 100 базистік тармаққа қатар жылжу	(12,949)	(12,949)	(49,153)	(49,153)
Мөлшерлемелердің ұлғаюына қарай 100 базистік тармаққа қатар жылжу	12,949	12,949	49,153	49,153

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)**(б) Нарық тәуекелі (жалғасы)****(i) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі (жалғасы)**

Пайда немесе залал және капиталдың сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан әділ құнының өзгерістеріне сезімталдығына жасалған талдау (2019 және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы позициялардың және табыстылық қисықтарының сыйақы мөлшерлемелерінің азаюына немесе көбеюіне қарай 100 базистік тармаққа қатар жылжуының ықшамдалған сценарийінің негізінде құрастырылған) төмендегідей көрсетілуі мүмкін:

	2019 ж.		2018 ж.	
	Прибыль или убыток	Капитал	Прибыль или убыток	Капитал
Мөлшерлемелердің азаюына қарай 100 базистік тармаққа қатар жылжу	-	30,580	-	41,716
Мөлшерлемелердің ұлғаюына қарай 100 базистік тармаққа қатар жылжу	-	(29,476)	-	(37,507)

(i) Валюта тәуекелі

Банктің бірнеше шетел валютасында көрсетілген активі мен міндеттемесі бар.

Валюта тәуекелі деген – ол валюталардың айырбастау бағамдары өзгерістерінің салдарынан, әділ құнның немесе болашақтағы ақша қаражаты ағындарының қаржы құралы бойынша өзгерістері тәуекелі. Банк өзінің валюта тәуекеліне шалдыққыштығын хеджирлейді деген фактіне қарамастан, мұндай операциялар хеджирлеу қатынастарын ХҚЕС бойынша белгілеуіне сәйкес келмейді.

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің валюталар тұрғысын құрылымы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төмендегідей ұсынылуы мүмкін:

	Теңге	АҚШ доллары	Евро	Ресей рубльдері	Басқа	Жиыны
АКТИВТЕР						
Ақша қаражаты және оның баламалары	20,761,536	10,584,761	47,476	28,794	140	31,422,707
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	72,653	-	-	-	72,653
БЖТАӨҚ арқылы есепке алынатын қаржылық активтер	1,173,343	-	-	-	-	1,173,343
Клиенттерге берілген кредиттер	13,643,103	1,313,126	-	-	-	14,956,229
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	4,907,381	-	-	-	-	4,907,381
Басқа қаржы активтері	6,344	8,652	-	-	-	14,996
Активтер жиыны	40,491,707	11,979,192	47,476	28,794	140	52,547,309
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Банктердегі шоттар мен депозиттері	2,635	192,594	3,113	-	-	198,342
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	21,103,411	11,705,882	69,362	8,010	-	32,886,665
Халықаралық қаржы ұйымдары берген қарыздар	5,757,924	-	-	-	-	5,757,924
Басқа қаржы міндеттемелері	423,610	73,187	71	-	-	496,868
Міндеттемелер жиыны	27,287,580	11,971,663	72,546	8,010	-	39,339,799
Таза позиция	13,204,127	7,529	(25,070)	20,784	140	13,207,510

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)

(б) Нарық тәуекелі (жалғасы)

(ii) Валюта тәуекелі (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің валюталар тұрғысындағы құрылымы 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төмендегідей ұсынылуы мүмкін:

	Теңге	АҚШ доллары	Евро	Ресей рубльдері	Басқа	Жиыны
АКТИВТЕР						
Ақша қаражаты және оның баламалары	16,410,097	8,319,433	144,668	8,063	264	24,882,525
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	72,957	-	-	-	72,957
БЖТАӨҚ арқылы есепке алынатын қаржылық активтер	1,178,855	-	-	-	-	1,178,855
Клиенттерге берілген кредиттер	8,852,585	1,144,694	-	-	-	9,997,279
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	4,778,038	-	-	-	-	4,778,038
Басқа қаржы активтері	62,366	146,171	-	-	-	208,537
Активтер жиыны	31,281,941	9,683,255	144,668	8,063	264	41,118,191
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Банктердегі шоттар мен депозиттері	2,635	1,480,394	14,998	-	-	1,498,027
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	11,872,870	8,005,804	156,088	312	-	20,035,074
Халықаралық қаржы ұйымдары берген қарыздар	6,472,871	-	-	-	-	6,472,871
Басқа қаржы міндеттемелері	141,536	83,460	16,309	-	-	241,305
Міндеттемелер жиыны	18,489,912	9,569,658	187,395	312	-	28,247,277
Таза позиция	12,792,029	113,597	(42,727)	7,751	264	12,870,914

Салық салынғанға дейінгі пайдаға және қаржы активтерінің құнына негізделген капиталға әсері айырбас бағамының құбылмалылығын талдауды пайдалана отырып есептеледі. 2019 және 2018 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банк басшылығы 15% валюта бағамының қозғалысы мүмкін деп санайды.

Төмендегі кестеде көрсетілгендей, 2019 және 2018 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңге бағамының келесі валюталарға қатысты төмендеуі, төменде көрсетілген капитал мен кірістің немесе залалдың ұлғаюына (азаяуына) келтіруі мүмкін. Бұл талдамалы ақпарат салықтарды шегерумен жүргізіліп, Банктің ойынша есептік кезеңнің аяғында дәлелді түрде мүмкін болатын валюта бағамдарының өзгерістеріне негізделеді. Талдау, барлық басқа ауыспалы шамалар, әсіресе сыйақы мөлшерлемелері, өзгеріссіз қалады деп тұспалдайды.

	2019 ж.		2018 ж.	
	Прибыль или убыток	Капитал	Прибыль или убыток	Капитал
15% АҚШ долларының теңгеге қатысты өсуі	903	903	13,632	13,632
15% евроның теңгеге қатысты өсуі	(3,008)	(3,008)	(5,127)	(5,127)
15% Ресей рублінің теңгеге қатысты өсуі	2,494	2,494	930	930

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)

(в) Кредит тәуекелі

Кредит тәуекелі – қарыз алушы немесе Банктің контрагенті міндеттемелерін орындамағаннан туындайтын қаржы жоғалтулары тәуекелі. Банк кредит тәуекелін (мойындалған қаржы активтері және мойындалмаған шарт міндеттемелері бойынша) кредит тәуекелінің шоғырлану лимиттерін бекіту және сақтау бойынша талаптарын қамтитын бекітілген саясаттар мен рәсімдерді қолдану арқылы және кредит тәуекеліне белсенді мониторинг жүргізіп отыратын кредит комитетін құру арқылы басқарады. Кредит саясаты Директорлар кеңесімен қарастырылып бекітіледі.

Кредит саясаты төмендегілерді белгілейді:

- кредит өтінімдерін қарастыру және мақұлдау процедураларын;
- қарыз алушылардың (корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалардың) несие төлеу қабілеттігін бағалау әдіснамасын;
- контрагенттердің кредит төлеу қабілеттілігін бағалау әдіснамасын;
- ұсынылған қамтамасыз етуді бағалау әдіснамасын;
- кредит құжаттамасына талаптарын;
- кредиттер мен кредит тәуекелін әкелетін басқа да өнімдерге тұрақты мониторингті жүргізу процедураларын.

Корпоративтік клиенттерден келіп түскен кредит алуға өтінімдерді клиенттермен жұмыс жөніндегі тиісті менеджерлер құрастырады, содан кейін олар заңды тұлға берген портфель үшін жауапкершілік көтеретін Несиелендіру басқармасының қарауына беріледі. Бұл Басқарма талдаушыларының есептемелері бизнестің құрылымдық талдауына және қарыз алушының қаржылық жағдайына негізделеді. Содан кейін өтінімдер мен есептемелер Тәуекелдерді басқару бөлімінде тәуелсіз тексеруден өтеді, ол жерде екінші қорытынды беріледі: бұл ретте кредит саясатының талаптарының тиісінше орындалуы тексеріледі. Кредит комитеті кредит алуға өтінімдерді Несиелендіру Басқармасы, Кешенді қауіпсіздік бөлімі, Кепілдерді бағалау бөлімі, Заң бөлімі және Тәуекелдерді басқару бөлімі ұсынған құжаттардың негізінде кредит алуға өтінімдерді мақұлдайды.

Банк жекелеген кредиттердің күйіне ұдайы мониторинг жүргізеді және өз қарыз алушыларының төлем қабілеттілігін жүйелі түрде қайта бағалайды. Қайта бағалау процедуралары қарыз алушының қаржылық есептілігінің соңғы есепті күнгі жағдай бойынша талдауына немесе қарыз алушының өзі ұсынған не Банктің басқа жолмен алған ақпаратына негізделеді. Бұл ретте әрбір кредитті ұсыну жөніндегі шешімді Кредит комитеті барлық қажетті процедураларды өткізген соң қабылдайды. Бұл ретте келіп түсетін өтінімдер аз болған жағдайда бүкіл несие үдерісін бақылауға мүмкіндік береді.

Жекелеген қарыз алушыларды талдаумен қатар Тәуекелдерді басқару бөлімі кредиттер мен нарықтық тәуекелдердің шоғырлануына қатысты кредиттік тәуекелді жалпы бағалайды.

Кредит тәуекелінің максималды деңгейі әдетте қаржылық жағдай туралы есепте қаржы активтерінің баланстық құнында және танылмаған шартты міндеттемелер сомасында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігі әлеуетті кредит тәуекелін төмендетуде айтарлықтай маңызды емес.

Банк секторының ұйымдары тұтастай алғанда қаржы активтері мен шартты міндеттемелерге қатысты туындайтын кредит тәуекеліне ұшырайды. Банктің кредит тәуекелі Қазақстан Республикасында шоғырланған. Кредит тәуекел дәрежесі банк бекіткен тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатқа сәйкес кредиттер бойынша лимиттерді және кредит қабілеттілігін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында тұрақты мониторингке ұшырайды.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)

(в) Нарық тәуекелі (жалғасы)

Есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік тәуекелге шалдыққыштықтың максималды деңгейі төмендегідей көрсетілуі мүмкін:

	31.12.2019	31.12.2018
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты және оның баламалары	31,422,707	24,882,525
Банктердегі шоттар мен депозиттер	72,653	72,957
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнымен есепке алынатын қаржы активтері	1,173,343	1,178,855
Клиенттерге берілген кредиттер	14,956,229	9,997,279
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	4,907,381	4,778,038
Басқа қаржы активтері	14,996	208,357
Кредит тәуекеліне ұшыраудың барлық максималды деңгейі	52,547,309	41,118,191

31 желтоқсан 2019 ж.	1-кезең Топтық негізде	2-кезең Топтық негізде	3-кезең Топтық негізде	1-кезең Жеке	Жиыны
Ақша қаражаты және оның баламалары	31,422,707	-	-	-	31,422,707
Банктердегі шоттар мен депозиттер	72,653	-	-	-	72,653
БЖТАӨҚ арқылы есепке алынатын қаржылық активтер	1,173,343	-	-	-	1,173,343
Клиенттерге берілген кредиттер	12,694,593	499,496	68,002	1,694,138	14,956,229
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	4,907,381	-	-	-	4,907,381
Басқа қаржы активтері	14,996	-	-	-	14,996
Активтер жиыны	50,285,673	499,496	68,002	1,694,138	52,547,309

31 желтоқсан 2018 ж.	1-кезең Топтық негізде	2-кезең Топтық негізде	3-кезең Топтық негізде	1-кезең Жеке	Жиыны
Ақша қаражаты және оның баламалары	24,882,525	-	-	-	24,882,525
Банктердегі шоттар мен депозиттер	72,957	-	-	-	72,957
БЖТАӨҚ арқылы есепке алынатын қаржылық активтер	1,178,855	-	-	-	1,178,855
Клиенттерге берілген кредиттер	8,400,869	11,212	112,548	1,472,650	9,997,279
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	4,778,038	-	-	-	4,778,038
Басқа қаржы активтері	208,537	-	-	-	208,537
Активтер жиыны	39,521,781	11,212	112,548	1,472,650	41,118,191

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)

(б) Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Клиенттерге берілген несиелер бойынша кепілдікті талдау және кредит тәуекелінің шоғырлануын талдау 15-ескертпеде берілген.

Есептік күндегі жағдай бойынша мойындалмаған шарттарға қатысты кредит тәуекелінің ең жоғары деңгейі 27-ескертпеде берілген.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің кредит тәуекеліне шалдыққыштығы несие тәуекеліне максималды шалдыққыштық деңгейінің 10% асатын борышкерлері жоқ (2018 жылғы 31 желтоқсанда: борышкер жоқ).

Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы

Банк құнсыздануға қатысты талаптарға жататын барлық қаржы активтерінің бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы мәніне мониторингін жүргізеді. Кредиттік тәуекелдің едәуір артуы анықталған жағдайда банк кредит берудің тек келесі 12 ай ғана емес, бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындар көлемінің негізінде бағалау резервінің шамасын есептейді.

Банк тәуекелдер үшін дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын анықтау үшін негізгі салым ретінде кредиттік тәуекелді бағалауды пайдаланады. Банк юрисдикция немесе аймақ бойынша, сондай-ақ өнім түрі және қарыз алушы бойынша, сондай-ақ кредиттік тәуекелді жіктеу бойынша талданған кредиттік тәуекелдер бойынша тиімділік және дефолт туралы ақпаратты жинайды. Пайдаланылатын ақпарат бағаланатын портфельге байланысты ішкі және сыртқы болып табылады.

Банк активтер портфеліне кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюын айқындау үшін түрлі критерийлерді пайдаланады. Өлшемдер ретінде дефолт ықтималдықтарындағы сандық өзгерістер де, сапалылары да қолданылады.

Ұжымдық негізде бағаланатын берілген кредиттер бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы сегменттелген біртекті портфельдер үшін және бастапқы танылған сәттен бастап 30 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар заемдар үшін белгілі бір шекті мәндерді пайдалана отырып, жеке негізде бағаланатын заемдар үшін сыртқы/ішкі кредиттік рейтингінің 2 (екі) деңгейге төмендеуі (3-сатыда жіктеу үшін қаржылық жағдай нашарлаған кезде қайта құрылымдаудың болуы) кезінде қосымша жеке негізде бағаланатын заемдар үшін бастапқы танылған сәттен бастап 30 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар заемдар, қарыз алушының сапалық және сандық көрсеткіштерінің өзгеруі, кепілді қамтамасыз етудің елеулі нашарлауы және бастапқы тану сәтінен бастап елеулі қаржылық қиындықтардың басқа да объективті куәліктерінің негізінде банк мамандарының сараптамалық қорытындылары.

Үшінші кезең 60-90 күннен астам мерзімі өткен берешек мерзімі кезінде ұжымдық негізде бағаланатын қарыздар үшін, 60 күннен астам мерзімі өткен кезде жеке негізде бағаланатын қарыздар үшін, қаржылық жай-күйінің нашарлауына, ішкі кредиттік рейтингтің және банк мамандарының сараптамалық пікірінің нашарлауына байланысты қайта құрылымдауда айқындалады.

Банк басшылығы есеп беру күніне төмен кредиттік тәуекелі бар кейбір қаржы құралдарының осы саясатты тек егеменді және қаржы мекемелері үшін ғана шығарылған қаржы құралдарына қатысты қолдана отырып, кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғайғаны жоқ деп есептейді. Сыртқы кредиттік рейтинг халықаралық рейтингтік агенттіктер "инвестициялық деңгейдің" анықтамасына баламалы болған кезде қаржы құралының төмен кредиттік тәуекелі бар деп ұйғарылады.

Банк кредиттің едәуір ұлғаюын анықтау үшін пайдаланылатын өлшемдер тиімді болып табылатынына көз жеткізу үшін мониторинг рәсімдерін енгізді, ал бұл кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы тәуекел бойынша дефолтқа дейін немесе актив 30 күнге кешіктірілген кезде сәйкестендіріледі.

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)

(в) Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Болжамды ақпаратты ұсыну

Банк артық шығынсыз немесе күш салусыз, кредит тәуекелінің едәуір ұлғаюын бағалау кезінде, сондай-ақ күтілетін кредиттік шығындарды бағалау кезінде қол жетімді болжамды ақпаратты пайдаланады.

Болжамдық элементтерді қосу Банктің күткендерін көрсетеді. Банк саны іске асыру ықтималдығын бағалауға, осы сценарийдің маңыздылығына, мән-жайлар мен макроэкономикалық ортаның өзгеруіне байланысты сценарийлерді қарайды.

Сценарийлерді пайдаланудың мақсаты күтілетін кредиттік шығындарға макроэкономикалық факторлардың бейсызық әсерін модельдеу болып табылады.

Банк қаржы құралдарының портфеліне әсер ететін негізгі көрсеткіштерді анықтап, құжаттады және тарихи деректерді статистикалық талдауды пайдалана отырып, макроэкономикалық ауыспалы және кредиттік тәуекел мен кредиттік шығындар арасындағы өзара байланысты бағалады.

(г) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – келісім-шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін ақша қаражатын немесе сауда қаржы активтерін тартуға қабілетсіздігі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелер өтеу мерзімдері бойынша сәйкес келмегенде туындайды. Активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімдері және пайыздық мөлшерлемелері бойынша сәйкестік және/немесе бақыланатын сәйкессіздік өтімділік тәуекелін басқаруда негізін қалаушы тұс болып табылады. Өткізілетін операциялардың әртүрлі болуының және олармен байланысты белгісіздіктің болуының салдарынан активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша толық сәйкестік қаржылық институттар үшін әдеттегі жағдай болып табылмайды. Бұл операциялардың табыстылығын арттыруға мүмкіндік береді, бірақ шығындардың пайда болу тәуекелін жоғарылатады.

Банк, өтеу мерзімдері келгенде барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті болатын ақша қаражатының тұрақты қолда болуын қамтамасыз ету мақсатында, өтімділіктің қажетті деңгейін сақтап отырады. Өтімділікті басқару жөніндегі саясат директорлар кеңесімен қарастырылып, бекітіледі. Банк, өтімділікке қатысты ескерілмеген талаптарға жедел түрде және шұғыл ауытқуларсыз әрекет етуге қабілетті болу үшін, шығарылған міндеттемелік құнды қағаздардан, басқа банктердің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді депозиттерін, негізгі корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалардың депозиттерінен тұратын қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған және тұрақты құрылымын және де жоғары өтімді активтердің әртараптандырылған қоржынын белсенді түрде сақтап қалуға тырысады.

Өтімділікті басқаруға жататын тәуекелдерді басқару бойынша корпоративтік саясат бөлімі төмендегілерден құралады:

- ақша қаражаты ағындарын негізгі валюталар тұрғысында және осы ақша қаражатының ағындарына байланысты өтімді активтердің қажетті деңгейін болжамдаудан;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдаудан;
- несие қаражатының шоғырлануы мен құрылымын басқарудан;
- несиелік қаржыландыру бойынша жоспарларды әзірлеуден;
- ақша ағысы тоқтаған жағдайда қорғау іс-шарасы ретінде оңай іске асыруға болатын жоғары өтімді активтер қоржынын қолдау;
- өтімділік пен қаржыландырудың белгіленген деңгейін сақтап қалу бойынша қор жоспарларын әзірлеуден;
- өтімділік көрсеткіштерінің заңнамалық түрде бекітілген нормативтерге сәйкес келетініне бақылауды жүргізуден.

Қазынашылық бөлімі өзге бөлімшелерден олардың қаржы активтері мен міндеттемелерінің өтімділік құрылымы және болашақта жоспарланатын бизнестен күтілетін ақша қаражаты ағындарын болжамдау туралы ақпарат алады.

25. УПРАВЛЕНИЕ РИСКАМИ (продолжение)

(г) Риск ликвидности (продолжение)

Содан кейін қазынашылық бөлімі, жалпы Банк өтімділігінің қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін, қысқа мерзімдік өтімді активтерінің тиісті қоржынын құрайды, ол көбінесе сауда, банктерге берілген қысқа мерзімдік өтімді құнды қағаздардан және басқа да банк аралық өнімдерден тұрады.

Қазынашылық бөлімі күн сайын өтімділік бойынша позиция мониторингін жүргізеді және жүйелі негізде нарық жағдайының қалыпты, сондай-ақ, жағымсыз жағдайлардағы алуан түрлі сценарийлерін есепке алумен «стресс-тесттерді» жүргізеді. Қалыпты нарық жағдайларында өтімділік жағдайы туралы есептер жоғары басшылыққа апта сайын жіберіліп отырады. Өтімділікті басқару саясатына қатысты шешімдерді АПБК қабылдайды және Қазынашылық орындайды.

Келесі кесте шарттарда белгіленген қалған өтеу мерзімдері бойынша қаржы міндеттемелері мен несиелік сипаттағы мойындалмаған міндеттемелер бойынша дисконтталмаған ақша қаражаты ағындарын көрсетеді. Төмендегі кестелерде көрсетілген ақша қаражаты ағындарының келіп түсу және шығуының жинақталған мөлшерлері қаржы активтері, міндеттемелері немесе теңгерімнен тысқары міндеттемелер бойынша ақша қаражатының келісімді дисконтталмаған ағындары болып табылады. Қаржылық кепілдіктердің шығарылған шарттарына қатысты кепілдіктердің максималды шамасы кепілдік қолданылуы мүмкін ерте кезеңге жатады.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)

(г) Өтімділік тәуекелі (жалғасы)

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өту мерзімдері бойынша қаржы міндеттемелеріне талдау төмендегідей көрсетілуі мүмкін.

	Талап еткенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан көп	Ақша қаражаты ағынының есептен шығуының жиынтық мөлшері	Теңгерімдік құн
Туынды емес қаржы міндеттемелері							
Банктердегі шоттары мен депозиттері	198,342	-	-	-	-	198,342	198,342
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	27,672,066	1,624,909	653,538	3,003,046	8,242	32,961,801	32,886,665
Халықаралық қаржы ұйымдары берген қарыздар	617,640	-	603,436	1,176,002	4,076,353	6,473,431	5,757,924
Басқа қаржы міндеттемелері	133,518	13,177	22,187	25,741	302,245	496,868	496,868
Міндеттемелер жиыны	28,621,566	1,638,086	1,279,161	4,204,789	4,386,840	40,130,442	39,339,799
Кредиттік сипаттағы қаржы міндеттемелері	2,332,421	-	-	-	-	2,332,421	2,332,421

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)**(г) Өтімділік тәуекелі (жалғасы)**

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өту мерзімдері бойынша қаржы міндеттемелеріне талдау төмендегідей көрсетілуі мүмкін.

	Талап еткенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан көп	Ақша қаражаты ағынының есептен шығуының жиынтық мөлшері	Теңгерімдік құн
Туынды емес қаржы міндеттемелері							
Банктердің шоттары мен депозиттері	1,498,869	-	-	-	-	1,498,869	1,498,027
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	15,694,683	1,397,415	284,936	2,714,761	7,782	20,099,577	20,035,074
Халықаралық қаржы ұйымдары берген қарыздар	135,328	-	370,536	730,588	6,427,241	7,663,693	6,472,871
Басқа қаржы міндеттемелері	213,633	201	212	281	26,978	241,305	241,305
Міндеттемелер жиыны	17,542,513	1,397,616	655,684	3,445,630	6,462,001	29,503,444	28,247,277
Кредиттік сипаттағы қаржы міндеттемелері	2,086,224	-	-	-	-	2,086,224	2,086,224

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғалар өзінің мерзімдік депозиттерін банктен кез келген уақытта алуға құқылы, сонымен бірге олар жағдайлардың көбінде есептелген пайыздық кірісті алу құқығынан айырылады. Аталған депозиттер шарттарда қарастырылған өтеу мерзімдеріне сәйкес ұсынылды.

Дегенмен, басшылық мерзімінен бұрын алу опциясының және салымдардың басым бөлігінің талап етілгенге дейінгі шоттарды білдіретініне қарамастан аталған шоттарды салымшылардың саны мен типтері бойынша әртараптандыру және Банктің жинаған тәжірибесі бұл шоттардың ұзақ мерзімді және тұрақты қаржыландыру көзі болып табылатынының белгісі болып табылады деп санайды.

Басшылық белгілі бір қаржы активтері мен міндеттемелеріне қатысты ақша қаражаттары ағындарының қозғалысы шартта көрсетілгендерден басшылық ақша қаражаттары ағынының қозғалысын басқаруға өкілетті болғандықтан немесе жиналған тәжірибенің аталған активтер мен міндеттемелер бойынша ақша қаражаттары ағындарының қозғалу мерзімдері шартта көрсетілген мерзімдерден өзгеше болуы мүмкін болғандықтан өзгеше болуы мүмкін деп есептейді.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)

(г) Өтімділік тәуекелі (жалғасы)

естеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есепте танылған сомаларды өтеу мерзімдері бойынша талдау келтірілген:

	Талап еткенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	Өтеу мерзімінсіз	Мерзімі кешіктірілген	Жиыны
Туынды емес активтер								
Ақша қаражаты және оның баламалары	31,422,707	-	-	-	-	-	-	31,422,707
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	-	72,653	-	-	-	-	72,653
БЖТАӨҚ арқылы есепке алынатын қаржы активтері	-	-	43,541	1,129,802	-	-	-	1,173,343
Клиенттерге берілген кредиттер	219,171	615,694	5,356,655	5,633,832	3,105,390	-	25,487	14,956,229
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	-	-	3,834,808	1,072,573	-	-	-	4,907,381
Ағымдағы табыс салығы	-	286	-	-	-	-	-	286
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	47,000	442,323	155,691	-	-	-	-	645,014
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	-	-	-	-	-	443,832	-	443,832
Кейінге қалдырылған табыс салығы	-	-	-	38,184	-	-	-	38,184
Басқа активтер	16,359	94,277	28,881	-	23,864	-	1,596	164,977
Активтер жиыны	31,705,237	1,152,580	9,492,229	7,874,391	3,129,254	443,832	27,083	53,824,606
Туынды емес қаржы міндеттемелері								
Банктердегі шоттар мен депозиттер	198,342	-	-	-	-	-	-	198,342
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	27,642,552	1,618,789	3,617,082	8,242	-	-	-	32,886,665
Халықаралық қаржы ұйымдары берген қарыздар	571,165	-	1,475,715	3,711,044	-	-	-	5,757,924
Басқа міндеттемелер	231,056	13,177	127,591	215,729	86,516	-	-	674,069
Міндеттемелер жиыны	28,643,115	1,631,966	5,220,388	3,935,015	86,516	-	-	39,517,000
Таза позиция	3,062,122	(479,386)	4,271,841	3,939,376	3,042,738	443,832	27,083	14,307,606

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

25. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)**(г) Өтімділік тәуекелі (жалғасы)**

Кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есепте танылған сомаларды өтеу мерзімдері бойынша талдау келтірілген:

	Талап еткенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	Өтеу мерзімінсіз	Мерзімі кешіктірілген	Жиыны
Туынды емес активтер								
Ақша қаражаты және оның баламалары	24,882,525	-	-	-	-	-	-	24,882,525
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	-	72,957	-	-	-	-	72,957
БЖТАӨҚ арқылы есепке алынатын қаржы активтері	-	-	43,541	1,135,314	-	-	-	1,178,855
Клиенттерге берілген кредиттер	175,020	727,123	3,642,567	3,756,922	1,616,274	-	79,373	9,997,279
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	-	20,596	3,777,416	980,026	-	-	-	4,778,038
Ағымдағы табыс салығы	-	43,246	-	-	-	-	-	43,246
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	-	442,323	52,206	-	-	-	-	494,529
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	-	-	-	-	-	208,192	-	208,192
Кейінге қалдырылған табыс салығы	-	-	-	15,513	-	-	-	15,513
Басқа активтер	188,846	75,810	24,094	26,872	23,863	-	-	339,485
Активтер жиыны	25,246,391	1,309,098	7,612,781	5,914,647	1,640,137	208,192	79,373	42,010,619
Туынды емес қаржы міндеттемелері								
Банктердегі шоттар мен депозиттер	1,498,027	-	-	-	-	-	-	1,498,027
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	15,682,067	1,393,975	2,951,250	7,782	-	-	-	20,035,074
Халықаралық қаржы ұйымдары берген қарыздар	95,935	-	714,106	5,662,830	-	-	-	6,472,871
Басқа міндеттемелер	389,249	201	68,197	26,978	-	-	-	484,625
Міндеттемелер жиыны	17,665,278	1,394,176	3,733,553	5,697,590	-	-	-	28,490,597
Таза позиция	7,581,113	(85,078)	3,879,228	217,057	1,640,137	208,192	79,373	13,520,022

26. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

ҚР ҰБ Банк капиталына қойылатын талаптардың орындалуын бекітеді және бақылайды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 деңгейдегі капиталдың тәуекелдіктер бойынша өлшенген активтер, шартты міндеттемелер мен операциялық және нарықтық тәуекелдіктерге қатынасының минималды белгіленген деңгейі 0.055 (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 0.055), ал жалпы капиталдың тәуекелдіктер бойынша өлшенген активтер, шартты міндеттемелер мен операциялық және нарықтық тәуекелдіктерге қатынасының минималды деңгейі 0.08 құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 0.08).

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк капитал деңгейіне қойылатын барлық нормативтік талаптарды орындады, бұл ретте 1-деңгей капиталының тәуекел дәрежесі, шартты міндеттемелер, операциялық және нарықтық тәуекел ескеріліп салмақталған активтер мөлшеріне минималды деңгейі 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 0.763 (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 1.007), ал капиталдың жиынтық мөлшерінің тәуекел дәрежесі, шартты міндеттемелер, операциялық және нарықтық тәуекелдер ескеріліп салмақталған активтер мөлшеріне минималды деңгейі 0.763 құрайды (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 1.007).

27. КРЕДИТТІК СИПАТТАҒЫ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

(а) Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер

Банк өзінің үшінші тұлғалардың алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында банктік кепілдік береді және аккредитивтер ашады. Аталған келісімдер міндеттемелердің лимиттерін белгілейді және бес жылдық әрекет мерзімі бар.

Банк қаржылық кепілдіктерді, кредиттік шартты міндеттемелерді және аккредитивтерді ұсыну кезінде клиенттерге кредит беру кезіндегі саясатты және тәуекелдерді басқару процедураларын пайдаланады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің 1,656,022 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 1,395,962 мың теңге) сомасына кредиттік желі беруге қатысты өтелмеген келісім-шарттық шартты міндеттемелері және 676,399 мың теңге сомасына (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 690,262 мың теңге) кепілдіктер мен аккредитивтер бар.

(б) Аяқталмаған сот қараушылығы

Банк басшылығында қандай болсын нақты немесе аяқталмаған сот қараушылықтары туралы, және де Банкке қарсы қойылуы мүмкін болжамды талап-арыздар туралы ешқандай мәлімет жоқ.

(в) Сақтандыру

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметтерінің нарығы даму кезеңінде болғандықтан, басқа елдерде қолданылатын сақтандыру қорғанысының көптеген нысандары Республикада әлі қол жетімді емес. Банк жабдықты, қызметінің уақытша тоқтатылуын немесе Банк мүлігін пайдалану салынан немесе Банк қызметіне байланысты басқа да жағдайларда келтірілген мүліктік немесе экологиялық бөлігінде үшінші тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты толық көлемде сақтандыруды іске асырған емес.

Банк электрондық және компьютерлік қылмыстардан банк тәуекелдерін кешенді сақтандыру шартын жасасты. Сақтандыру «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ болып табылады. Шарт оған қол қойған күннен бастап 12 айға дейін жарамды.

Банк өз қызметін жеткілікті деңгейге дейін сақтандырмаған жағдайда келтірілген залалдың немесе белгілі бір активтердің жоғалуының банктің қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай кері әсер тигізу тәуекелі бар.

27. КРЕДИТТІК СИПАТТАҒЫ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

(г) Салық міндеттемелері

Қазақстан Республикасының салық жүйесі дамуын жалғастырып, жиі өзгеріп тұратын нормативтік құжаттардың, нормативтік құжаттарға ресми түсініктемелер мен сот органдары шешімдерінің бар болуымен сипатталады, олардың әрекеті кейде кері күшіне ие болып, олардың құрамында салық органдарының тарапынан әр түрлі түсіндірілуге ашық қарама- қайшы тұжырымдамалар бар. Салықтарды дұрыс есептеу құзырына айтарлықтай айыппұлдар, тұрақсыздық төлемдері мен пайыздарды салу жататын органдар тарапынан қарастыру мен жете тексерулердің заты болып табылады. Салық жылы салық органдардың тарапынан тексеру үшін одан кейінгі бес күнтізбелік жыл ішінде ашық болады. Сонымен қатар, салық жылы одан да ұзақ уақыт кезеңі ішінде ашық болып қалуы мүмкін.

Аталған мән-жайлар басқа мемлекеттердегі ұқсас тәуекелдіктерді елеулі деңгейде арттыратын Қазақстан Республикасы үшін салық тәуекелдіктердің пайда болуына алып келеді. Банк басшылығының пікірінше салықтық міндеттемелер толығымен осы қаржылық есептілікте Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасының, нормативтік құжаттардың ресми комментарийлері мен сот органдарының шешімдерінің жетекшілігін түсіндіру арқылы көрсетілген. Алайда салық заңнамасын түрлі реттеуші органдармен түрліше түсіндіру жетекшіліктің пікірінен өзгеше болатындығын ескере отырып, реттеуші органдардың тарапынан мәжбүрлі түрде әрекет етуді қолданған жағдайда, олардың осы қаржылық есептілігіне деген әсері елеулі болуы ықтимал.

28. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР

(а) Бақылау қатынастары

Банктің бас компаниясы «Shinhan Bank» (Сеул, Корея Республикасы) АҚ болып табылады. Банктің бас компаниясы сыртқы пайдаланушыларға қолжетімді қаржылық есептілікті дайындайды.

Банктің соңғы бас кәсіпорны Shinhan Financial Group Co. Ltd болып табылады. Ол Банктің қызметін өз білгенінше және өз мүддесінде бағыттауға құқылы.

(б) Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелерімен жасалатын операциялар

«Қызметкерлерге шығындар» бабына енгізілген сыйақының 2019 және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі жалпы мөлшері төмендегідей көрсетілуі мүмкін:

	2019 жыл	2018 жыл
Директорлар кеңесі	10,500	7,000
Басқарма	287,925	259,033
	298,425	266,033

2019 және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтар мен Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелерімен жасалған операциялар бойынша сыйақының орташа мөлшерлемелері төмендегідей болды:

Қаржылық жағдай туралы есеп	2019 жыл	Орташа сыйақы мөлшерлемесі,%	2018 жыл	Орташа сыйақы мөлшерлемесі,%
Басқа активтер	1,338	-	650	-
Ағымдағы шоттар мен депозиттер	(54,118)	0.17	(21,056)	0.88
Басқа міндеттемелер	(42,632)	-	(32,415)	-

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

28. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)**(б) Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелерімен жасалатын операциялар**

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелерімен жасалған операциялар бойынша пайданың немесе залалдың құрамына кіргізілген сомалар төмендегідей көрсетілген:

Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есеп	2019 жыл	2018 жыл
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан түскен кіріс/ (шығын)	(868)	972
Комиссиялық кірістер/ (шығыстар)	(267)	179
Пайыздық шығыстар	(139)	(192)

(в) Басқа байланысты тараптармен жасалатын операциялар

2019 және 2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтар мен тиісті орташа сыйақы мөлшерлемелері, сондай-ақ көрсетілген күндері аяталған жыл үшін басқа байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал төмендегілерді құрады:

Қаржылық жағдай туралы есеп	Бас банк		Басқа байланысты тараптар	
	2019 жыл	Орт. сыйақы мөлшерлемесі, %	2019 жыл	Орт. сыйақы мөлшерлемесі, %
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаты және оның баламалары				
- Еуромен	-	-	41,295	-
- басқа валютада	-	-	140	-
Клиенттерге берілген кредиттер				
- теңгемен	-	-	1,000,655	10.75
Басқа активтер				
- теңгемен	-	-	1,749	-
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Банктердегі шоттар мен депозиттер				
- теңгемен	2,635	-	-	-
- АҚШ долларымен	192,594	-	-	-
- еуромен	3,113	-	-	-
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері				
- теңгемен	-	-	202,290	6.59
- АҚШ долларымен	-	-	25,702	0.10
Басқа міндеттемелер				
- теңгемен	103	-	33	-
- АҚШ долларымен	55,892	-	-	-
Қаржылық жағдай туралы есепте танылмаған баптар				
Алынған кепілдіктер*	368,472	-	1,000,000	-

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

28. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)

(в) Басқа байланысты тараптармен жасалатын операциялар (жалғасы)

Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есеп	Бас банк		Басқа байланысты тараптар	
	2019 жыл	Орт. сыйақы мөлшерлемесі, %	2019 жыл	Орт. сыйақы мөлшерлемесі, %
Шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен кіріс	(40)	-	952	-
Пайыздық кірістер	-	-	64,203	-
Пайыздық шығыстар	(737)	-	(16,886)	-
Комиссиялық табыстар	-	-	5,933	-
Комиссиялық шығындар	(31,127)	-	(21,908)	-
Басқа жалпышаруашылық және әкімшілік шығындар	(49,812)	-	-	-
Басқа операциялық табыстар (шығындар), нетто	(37)	-	-	-

* 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бас Банктен алынған кепілдіктер корпоративтік клиенттерге берілген қарыздар бойынша 900 мың АҚШ доллары және 24,140 мың теңге көлеміндегі кепілдіктерді қамтиды. Кепілдік пайызсыз болып табылады, кепілдіктердің қолданылу мерзімі - 2020 жылғы 10 әуір және 2020 жылғы 15 сәуір.

Басқа байланысты Тараптардан алынған кепілдік Shinhan Financial Group Co. Ltd тобына кіретін компания өзінің Қазақстандағы еншілес ұйымына берген қарыз бойынша берген теңгемен берілген кепілдікті қамтиды. Кепілдік пайызсыз, кепілдіктің қолданылу мерзімі 21 наурыз 2021 жыл.

Қаржылық жағдай туралы есеп	Бас банк		Басқа байланысты тараптар	
	2018 жыл	Орт. сыйақы мөлшерлемесі, %	2018 жыл	Орт. сыйақы мөлшерлемесі, %
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаты және оның баламалары				
- Евромен	-	-	55,684	-
- басқа валютада	-	-	263	-
Клиенттерге берілген кредиттер				
- теңгемен	-	-	1,005,678	11.00
Басқа активтер				
- теңгемен	-	-	1,749	-
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Банктердегі шоттар мен депозиттер				
- теңгемен	2,635	-	-	-
- АҚШ долларымен	1,480,395	2.27	-	-
- евромен	14,998	-	-	-
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері				
- теңгемен	-	-	22,438	6.59
- АҚШ долларымен	-	-	18,976	-
Басқа міндеттемелер				
- теңгемен	-	-	18	-
- АҚШ долларымен	51,755	-	-	-
Қаржылық жағдай туралы есепте танылмаған баптар				
Алынған кепілдіктер*	345,780	-	1,000,000	-

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қазақстандық мың теңгемен

28. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)**(в) Басқа байланысты тараптармен жасалатын операциялар (жалғасы)**

Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есеп	Бас банк		Басқа байланысты тараптар	
	2018 жыл	Орт. сыйақы мөлшерлемесі, %	2018 жыл	Орт. сыйақы мөлшерлемесі, %
Шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен кіріс	(14)	-	624	-
Пайыздық кірістер			37,830	
Пайыздық шығыстар	(464)	-	(13,258)	-
Комиссиялық табыстар			805	
Комиссиялық шығындар	(29,388)	-	-	-
Басқа жалпышаруашылық және әкімшілік шығындар	(34,120)	-	-	-
Басқа операциялық табыстар (шығындар), нетто	95	-	7	-

*2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған кепілдіктер бас банк ұсынған АҚШ долларындағы және корпоративтік клиентке берілген қарыз бойынша кепілдікті қамтиды. Кепілдік пайызсыз, кепілдік мерзімі 10 сәуір 2019 жыл.

Басқа байланысты Тараптардан алынған кепілдік Shinhan Financial Group Co. Ltd тобына кіретін компания өзінің Қазақстандағы еншілес ұйымына берген қарыз бойынша берген теңгемен берілген кепілдікті қамтиды. Кепілдік пайызсыз, кепілдіктің қолданылу мерзімі 21 наурыз 2021 жыл.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

29. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕП ЖІКТЕМЕСІ**(a) Есеп жіктемесі және әділ құн**

Төмендегі кесте қаржы активтері мен міндеттемелерінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық жәнң әділ құнын көрсетеді.

	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын	Кредиторлар және дебиторлық берешек	Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен есепке алынатын	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқалар	Теңгерімдік құн жиыны	Әділ құн
Қаржы активтері						
Ақша қаражаты және оның баламалары	-	31,422,707	-	-	31,422,707	31,422,707
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	72,653	-	-	72,653	72,653
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен есепке алынатын қаржы активтері	-	-	1,173,343	-	1,173,343	1,173,343
Клиенттерге берілген кредиттер						
- корпоративтік клиенттерге берілген	-	9,608,335	-	-	9,608,335	7,463,271
- бөлшек сауда клиенттеріне берілген	-	5,347,894	-	-	5,347,894	4,674,918
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	4,907,381	-	-	-	4,907,381	4,865,848
Басқа қаржы активтері	-	14,996	-	-	14,996	14,996
	4,907,381	46,466,585	1,173,343	-	52,547,309	49,687,736
Қаржы міндеттемелері						
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	-	-	198,342	198,342	198,342
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	-	-	-	32,886,665	32,886,665	32,886,665
Халықаралық қаржы ұйымдары берген қарыздар	-	-	-	5,757,924	5,757,924	5,757,924
Басқа қаржы міндеттемелері	-	496,787	-	81	496,868	496,868
	-	496,787	-	38,843,012	39,339,799	39,339,799

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

29. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕП ЖІКТЕМЕСІ (жалғасы)**(а) Есеп жіктемесі және әділ құн (жалғасы)**

Төмендегі кесте қаржы активтері мен міндеттемелерінің 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық жәнң әділ құнын көрсетеді.

	Амортизациялан ған құны бойынша есепке алынатын	Кредиторлар және дебиторлық берешек	Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен есепке алынатын	Амортизацияланға н құны бойынша есепке алынатын басқалар	Теңгерімдік құн жиыны	Әділ құн
Қаржы активтері						
Ақша қаражаты және оның баламалары	-	24,882,525	-	-	24,882,525	24,882,525
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	72,957	-	-	72,957	72,957
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен есепке алынатын қаржы активтері	-	-	1,178,855	-	1,178,855	1,178,855
Клиенттерге берілген кредиттер						
- корпоративтік клиенттерге берілген	-	6,619,306	-	-	6,619,306	6,650,405
- бөлшек сауда клиенттеріне берілген	-	3,377,973	-	-	3,377,973	3,357,314
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	4,778,038	-	-	-	4,778,038	4,715,102
Басқа қаржы активтері	-	208,537	-	-	208,537	208,537
	4,778,038	35,161,298	1,178,855	-	41,118,191	41,065,695
Қаржы міндеттемелері						
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	-	-	1,498,027	1,498,027	1,498,027
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	-	-	-	20,035,074	20,035,074	20,035,074
Халықаралық қаржы ұйымдары берген қарыздар	-	-	-	6,472,871	6,472,871	6,472,871
Басқа қаржы міндеттемелері	-	239,427	-	1,878	241,305	241,305
	-	239,427	-	28,007,850	28,247,277	28,247,277

29. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕП ЖІКТЕМЕСІ (жалғасы)

(а) Есеп жіктемесі және әділ құн (жалғасы)

Әділ құнын бағалау активті сатқан кезде түсетін немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операцияның талаптарында міндеттемелерді беру кезінде төленуі ықтимал құнын анықтауға бағытталған. Алайда белгісіздік пен субъективтік пікірлерді пайдалануды ескере отырып, әділ құны активтерді дереу сату немесе міндеттемелерді беру шеңберінде жүзеге асырылатын құн ретінде түсіндірілмеуі қажет.

Белсенді нарықта айналатын қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны нарықтық котировкаларға немесе дилерлік бағаларға негізделеді. Банктің барлық басқа қаржылық құралдарының әділ құнын Банк бағалау әдістерін пайдаланып анықтайды.

Бағалау әдістеріне бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операцияны жүргізу кезінде құнын көрсететін әділ құнын бағалау әдісіне қол жеткізу жатады. Бағалау барысында пайдаланылатын ой-пікірлер мен деректерге тәуекелдікке қатысы жоқ және базалық пайыздық мөлшерлемені, кредиттік спрэдтер мен дисконттау мөлшерлемелерін бағалау үшін қолданылатын басқа түзетулер, акциялар мен облигациялардың котировкалары, валюталық бағамдар, қор индекстері, сонымен бірге болжалды баға ауытқулары мен оларды салыстыру кіреді. Бағалау әдістері нарықтың тәуелсіз қатысушылары анықтай алатын есеп күніндегі жағдайы бойынша қаржы құралының әділ құнын анықтауға бағытталған.

Басшылық корпоративтік клиенттерге берілген теңгедегі қарыздардың әділ құнын бағалау бойынша ақша қаражатының болашақ ағындарын дисконттау үшін 11.08% және 12.97% (2018 жылы: 13.73% және 13.17%) дисконттау мөлшерлемесі бойынша жіберулерді және бөлшек клиенттерге берілген қарыздарды тиісінше 5.16% (2018 жылы: 5,20%) пайдаланды. Корпоративтік клиенттерге берілген АҚШ долларындағы қарыздардың әділ құнын бағалау бойынша ақша қаражатының болашақ ағындарын дисконттау үшін.

(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы

Банк әділ құнды көрсетілген бағалауларды қалыптастыру кезінде қолданылатын деректердің маңыздылығын ескеретін әділ құнды бағалаудың келесі иерархиясын пайдаланып бағалайды:

- 1-деңгей: ұқсас қаржы құралдарына қатысты белсенді нарықтағы (түзетілмеген) котировкалар.
- 2-деңгей: тікелей (яғни котировкалар) немесе жанама (яғни котировкалардан туындаған деректер) қолжетімді болып табылатын 1-деңгейге жататын котировкалардан басқа деректер. Бұл санатқа мыналарды пайдаланып бағаланатын құралдар жатады: ұқсас құралдар үшін белсенді нарықтардағы нарықтық котировкаларды, белсенді нарықтар болып қарастырылмайтын нарықтардағы ұқсас құралдар үшін нарықтық котировкалардың, немесе қолданылатын деректерінің барлығы қадағаланатын бастапқы деректерге тікелей немесе жанама негізделетін басқа бағалау әдістерін.
- 3-деңгей: қолжетімді болып табылмайтын деректер. Бұл санатқа қадағаланатын бастапқы деректерге негізделмеген ақпарат қолданылып бағаланатын құралдар жатады, бұл ретте мұндай қадағаланатын деректер құралды бағалауға айтарлықтай әсер етеді. Бұл санатқа құралдардың арасындағы айырмашылықты көрсету үшін маңызды қадағаланбайтын котировкаларды немесе пайымдауларды пайдалану талап етілетін ұқсас құралдар үшін котировкалардың негізінде бағаланатын құралдар жатады.

Банк әділ құнды анықтауға қатысты өзіндік бақылау жүйесін қалыптастырған. Көрсетілген жүйеге фронт-кеңсе жетекшілігіне тәуелсіз қызмет атқаратын Тәуекелдерді басқару бөлімі кіреді. Аталған бөлім Қаржы блогының жетекшісіне есеп береді. Негізінен сауда және инвестициялық операциялардың нәтижелерін және әділ құнның барлық ағымдағы бағаларын тәуелсіз тексеруге жауапты құрылымдық бөлімше болып есептеледі. Бақылаудың арнайы механизмдеріне жатады:

29. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕП ЖІКТЕМЕСІ (жалғасы)

(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы (жалғасы)

- бақыланатын котировкаларды тексеру;
- бағалау модельдері бойынша қайта есептеу;
- жаңа модельдерді және модельдерге қатысты өзгерістерді тексеру мен мақұлдау үдерісі;
- тоқсан сайынғы тексеру, бақыланатын нарық мәмілелеріне қатысты модельді бэк-тестілеу;
- бағалаудағы ағымдағы құн сайынғы өзгерістерді талдау мен зерделеу;
- басқарма тарапынан ағымдағы бақыланбайтын деректерді, бағалау түзетулерін, өткен аймен салыстырғанда 3-деңгейге қатысты құралдардың әділ құнын бағалаудағы елеулі өзгерістерді тексеру.

Қаржы нарықтарының басқармасы әділ құнды бағалау үшін үшінші тұлғалардың, соның ішінде бағалар мен брокерлердің нарықтық котировкаларын қосқандағы ақпаратты бағалап, үшінші тұлғалардан алған растауды құжатпен дәлелдейді. Бұл іс-әрекет ХҚЕС талаптарына және төменде көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыруда осы секілді бағалауға қатысты қорытындыны растау мақсатында пайдаланылады:

- бағалар немесе брокерлердің нарықтық котировкалар туралы ақпаратты Банк қаржы құралдарына баға белгілеу кезінде пайдалану үшін растау;
- нақты нарық мәмілелерінің түрінде белгілі шегіне қарай әділ құнын бағалау қандай жолмен алынғандығын түсіну;
- ұқсас құралдардың котировкасы әділ құнын бағалау мақсатында көрсетілген котировкалар қандай жолмен бағалануы тиіс құралдардың сипаттамасын есепке ала отырып түзетілуі ықтимал екендігін анықтау;
- ұқсас қаржы құралдарына қатысты бірқатар котировкаларды пайдаланған кезде көрсетілген котировкаларды пайдалана отырып, әділ құн қандай жолмен анықталғандығы анықтау.

Бағалаумен байланысты елеулі сұрақтар міндетті түрде Банк Басқармасына хабарланады.

Ары қарай кестеде әділ құны иерархия деңгейлері бойынша 2019 және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны көрсетілетін қаржы құралдарының деректері келтірілген. Сомалар қаржылық жағдай туралы есепте келтірілген сомаларға негізделеді.

	2-деңгей	
	31.12.2019	31.12.2018
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен есепке алынатын қаржы активтері		
- борышқорлық бағалы қағаздар	1,173,343	1,178,855

Төмендегі кестелерде 2019 және 2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн иерархиясы деңгейлерінің қимасында әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнына жасалған талдау келтірілген:

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

29. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕП ЖІКТЕМЕСІ (жалғасы)**(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы (жалғасы)**

2019 жыл	2-деңгей	3-деңгей	Әділ құн	Теңгерімдік құн
Қаржы активтері				
Ақша қаражаты және оның баламалары	31,422,707	-	31,422,707	31,422,707
Банктердегі шоттар мен депозиттер	72,653	-	72,653	72,653
Клиенттерге берілген кредиттер	12,136,896	1,293	12,138,189	14,956,229
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	4,865,848	-	4,865,848	4,907,381
Басқа қаржы активтері	14,996	-	14,996	14,996
	48,513,100	1,293	48,514,393	51,373,966
Қаржы міндеттемелері				
Банктердің шоттары мен депозиттері	198,342	-	198,342	198,342
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	32,886,665	-	32,886,665	32,886,665
Халықаралық қаржы ұйымдарының берген қарыздары	5,757,924	-	5,757,924	5,757,924
Басқа қаржы міндеттемелері	496,868	-	496,868	496,868
	39,084,236	-	39,084,236	28,247,277
2018 жыл				
	2-деңгей	3-деңгей	Әділ құн	Теңгерімдік құн
Қаржы активтері				
Ақша қаражаты және оның баламалары	24,882,525	-	24,882,525	24,882,525
Банктердегі шоттар мен депозиттер	72,957	-	72,957	72,957
Клиенттерге берілген кредиттер	9,929,472	78,247	10,007,719	9,997,279
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	4,715,102	-	4,715,102	4,778,038
Басқа қаржы активтері	208,537	-	208,537	208,537
	39,808,593	78,247	39,886,840	39,939,336
Қаржы міндеттемелері				
Банктердің шоттары мен депозиттері	1,498,027	-	1,498,027	1,498,027
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	20,035,074	-	20,035,074	20,035,074
Халықаралық қаржы ұйымдарының берген қарыздары	6,472,871	-	6,472,871	6,472,871
Басқа қаржы міндеттемелері	241,305	-	241,305	241,305
	28,247,277	-	28,247,277	28,247,277

30. ЕСЕП БЕРЕТІН КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Банктің қаржы-шаруашылық қызметінде есеп беретін күннен кейін қаржылық есептілікті түзетуді немесе қосымша ашуды талап ететін айтарлықтай оқиға болған жоқ.

2019 жылдың соңында Қытайда COVID-19 коронавирусын жұқтырудың алғашқы жағдайларының анықталуы туралы ақпарат пайда болды. 2020 жылдың алғашқы бірнеше айында коронавирустың теріс әсері күшейіп, бүкіл әлемге таралды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаңа COVID-19 коронавирусын пандемия деп жариялауына байланысты азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының барлық аумағында 2020 жылдың 16 наурызынан бастап, 2020 жылдың 15 сәуіріне дейін төтенше жағдай енгізілді. Банк басшылығы коронавирустың мұндай өршуін түзетілмейтін жағдай деп санайды. Алайда, қазіргі уақытта болашақтағы зардаптарды болжау мүмкін емес.

2020 жылғы наурыздан бастап мұнай бағасының құлдырауын және АҚШ доллары мен еуроға қатысты теңге бағамының төмендеуін қоса алғанда, қор, валюта және шикізат нарықтарында айтарлықтай құбылмалылық байқалуда. Қазіргі уақытта банк басшылығы өзгеретін микро - және макроэкономикалық шарттардың қаржылық жағдайына және банк қызметінің нәтижелеріне ықтимал әсеріне талдау жүргізеді.

Банк басшылығы салдарды жеңілдету үшін барлық ықтимал қадамдар жасауға ниетті.